



**М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

Оқу-әдістемелік кешен

**Қазақ пунктациясының теориялық және
практикалық мәселелері**

5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті»

**Петропавл
2006**

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің
Оқу - әдістемелік кеңесінің шешімімен
шығарылады (хаттама № 9 28.05.2006 ж.)*

Пікір жазған:

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ж.С.Таласпаева

Құрастырушы: ф.ғ.к., доцент М.Т.Есматова,
п.ғ.к., доцент М.Ғ.Ғабдулина. Қазақ пунктуациясының
теориялық және практикалық мәселелері: оқу-
әдістемелік кешен. Петропавл: М.Қозыбаев
атындағы СҚМУ, 2006. -96 бет.

Әдістемелік кешенде қазақ пунктуациясының
ережелері, терминдері, қазақ пунктуациясының
теориялық мәселелері берілген.

Оқу-әдістемелік кешен «Қазақ тілі мен
әдебиеті» мамандығының студенттеріне арналған.
Сонымен қатар, СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын
орындауда көмекші құрал бола алады.

© М.Т.Есматова,
М.Ғ.Ғабдулина 2006

© М.Қозыбаев атындағы
СҚМУ, 2006

АЛҒЫ СӨЗ

Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдарын, сөйлемнің синтаксистік ерекшелігін және сөйлемдегі кейбір сөздердің мағынасын, сөйлемнің интонациясын оқытқанда, тыныс белгілерін жете меңгерту үшін, біріншіден, қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты қандай тыныс белгілерінің қойылатындығын және соған байланысты ережелерді, екіншіден, қандай тыныс белгілерінің мағынаға байланысты қойылатындығын, үшіншіден, қандай тыныс белгілерінің интонацияға ғана негізделетінін білгізу қажет. Пунктуация негіздері мен жүйесі – жете зерттелмей келе жатқан проблемалардың бірі. Көп жылдық зерттеу тарихы бар орыс пунктуациясының негіздері жайында үш түрлі көзқарастың /мағыналық, грамматикалық, интонациялық принциптер/ қалыптасқаны белгілі. Орыс пунктуациясын зерттеуші ғалымдардың бір тобы тыныс белгілерінің қолданылуын сөйлемнің мағынасына /логикалық принципке/ негіздесе, екінші тобы оны сөйлемнің грамматикалық ерекшелігіне негіздейді, ал үшінші топтағылар пунктуацияның негізі – интонация деп көрсетеді. Бұл туралы профессор Г.П. Фирсов былай дейді: «Мұндай көзқарастардың бірде-бірі таза күйінде кездеспейді, бірнеше принциптер араласа тоғысып отырады немесе түрлі ескертулер жасалынады». Ф.И. Буслаев,

С.И.Абакумов, Н.С. Пospelов сияқты ғалымдардың еңбегінде пунктуация негізін мағыналық принципке тіреу басым болса, Н.И. Греч, С. Булич сияқты лингвистердің зерттеулерінде грамматикалық принцип шешуші болып келеді, ал А.М. Пешковский, Л.В. Шерба еңбектерінде интонациялық принцип басым. Орыс пунктуациясын көп зерттеген атақты ғалым, профессор С.И. Абакумов тыныс белгілерін қолдануда интонациямен санаспауға болмайды деп келіп, жалаң интонацияға ғана жүгінбей, сөйлемнің мағынасы мен синтаксистік құрылымына да сүйенудің қажет екенін көрсетеді. Бұдан сөйлемге қатысты жұмсалатын әрбір тыныс белгісі оның мағынасына да, синтаксистік құрылымына да, интонациясына да негізделеді деген ой анық байқалады. Сөйлем мағынасы сөздер арқылы да, грамматикалық тұлғалар арқылы да, интонация арқылы да беріледі. Сөйлемнің немесе бүтіндей тексттің тыныс белгілерін дұрыс қою үшін, үш түрлі негізге сүйену керек.

Орфография тілдегі сөздердің дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы (гректің орфос- дұрыс, түзі және графия – жазу деген сөздерден алынған) деп аталады. Тіл жүйелі, қоғамдық құбылыс болғандықтан, жұрттың бәріне ортақ оның жазу ережелері болады. Әркім өзінше әр түрлі жаза беретін болса, ол жүйелі тіл болмақ емес. Кейде дұрыс жазу ережелерін емле деп те атайды.

Тілде жазу үш принципке сүйенеді.

1. Морфологиялық принцип. Бұл принцип бойынша сөздер айтылуынша емес, бастапқы түбір тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы: бас-шы (айтылуындай башшы емес), түн-гі (түңгі емес), Жан-пейіс (Жәмпейіс емес) болып сөздің түбірі де, қосымша да өз тұлғаларын сақтап жазылады.
2. Дәстүрлі (тарихи) принцип бойынша сөздер әуелгі тұлғасында емес, тілде қалыптасқан тұлғасы бойынша жазылады. Мысалы: хал, хат, хабар т. б. сөздер қал, к,ат, қабар болып жазылмайды, дәстүр бойынша қалыптасқан тұлғасында жазылады.
3. Фонетикалық принцип бойынша сөздер дыбыстық заңдарға сүйеніліп, айтылуы және естілуі бойынша жазылады. Мысалы, жаздыгүні, сексен, бүгін, жауып қойды, белбеу сияқты сөздер осылай айтылуынша, естілуінше жазылады, ал бұл сөздердің тарихи тұлғалары — жаздың күні, сегіз он, бұл күн, жап+ып қойды, белбау.

Қазақ тіліндегі сөздер бір ғана принцип бойынша жазылмайды. Сөздердің көпшілігі морфологиялық принцип бойынша жазылса да, фонетикалық және дәстүрлі принциптер бойынша да жазылатын сөздер аз емес. Оны қазақ тілінің ресми бекітілген «Орфографиялық (емле) ережелері» мен — орфографиялық сөздіктері белгілеп отырады. Орфографиялық ережелерді Қазақстан республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітеді.

Пунктуацияны оқытудың теориялық негіздері

Пунктуация – бір нәрсені жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқаға түсіндіру үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығы. Пунктуация – тыныс белгілері туралы ілім, ол айтылмақшы ойды екі ұшты етпей, дәл, түсінікті де тиянақты етіп білдіру үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің негізгі қызметі. Тыныс белгілері бір сөйлемдерді немесе сөздер тобын айтқанда, оқығанда, ауызекі тілде болатын кідірісті де, дауыстың қалай құбылуын да білдіреді. Бұл – тыныс белгілерінің қосымша, көмекші қызметі. Жазба тілде де, ауызекі тілде де тыныс белгілерінің үлкен маңызы бар. Тыныс белгілері мүлдем қойылмаған сөйлемді немесе тексті оқу да, оның мағынасын түсіну де қиын. Сөйлемнің немесе текстің тыныс белгілері дұрыс қойылмаса, ондағы айтылған ой да дұрыс ұғылмайды. Мысалы: - Өзіміз кешеуілдеп, өзгеге тұра тұр деп айта аламыз ба, Асқар Еркебұланұлы? Сәрсенов Баянауылдың ар жағына шықты. Бұл сөйлемдердің тыныс белгілері дұрыс қойылған. Егер тыныс белгілері дұрыс қойылмаса, сөйлеушінің ойы кімге арналып тұрғаны белгісіз болар еді. Егер Асқар Еркебұланұлы дегеннен кейін сұрау белгісі қойылмай, соңғы сөйлеммен біріктіріліп жазылса, ой Асқарға арналмай, бұл сөздер Сәрсенов деген кісінің аты мен әкесінің аты ретінде ұғынылып,

екінші сөйлем «Асқар Еркебұланұлы Сәрсенов Баянауылдың ар жағына шықты» болар еді.

Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдарын, сөйлемнің синтаксистік ерекшелігін және сөйлемдегі кейбір сөздердің мағынасын, сөйлемнің интонациясын оқытқанда, тыныс белгілерін жете меңгерту үшін, біріншіден, қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты қандай тыныс белгілерінің қойылатындығын және соған байланысты ережелерді, екіншіден, қандай тыныс белгілерінің мағынаға байланысты қойылатындығын, үшіншіден, қандай тыныс белгілерінің интонацияға ғана негізделетінін білгізу қажет. Сөйлем мағынасы сөздер арқылы да, грамматикалық тұлғалар арқылы да, интонация арқылы да беріледі. Сөйлемнің немесе бүтіндей мәтіннің тыныс белгілерін дұрыс қою үшін, үш түрлі негізге сүйену керек. Олар мыналар:

1. Сөйлемнің синтаксистік ерекшелігі.
2. Сөйлемнің мағынасы.
3. Сөйлемнің интонациясы.

Әр тілдің сөздерді тіркестіру, олардан сөйлем құрау жолдары бар. Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де сөйлемнің негізгі екі түрі (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) бар. Бұлар өзара әлденеше жолдармен жасалады. Сөйлемнің түр-түріне және сөйлемдегі сөздердің қолданылуына қарай әр түрлі тыныс белгісі қойылады. Мәселен, хабарлы сөйлемдерден кейін «мейлі ол жай сөйлем, не құрмалас сөйлем болсын, мейлі толымды не

толымсыз сөйлем болсын т.с.с.) нүкте қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрау белгісі, лепті сөйлемнен кейін леп белгісі қойылады. Сөйлем ішіндегі қаратпа, одағай сөздер, онашаланған мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен белгілі бір тыныс белгісі арқылы, жалпылауыш сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшелерінен не қос нүкте, не сызықша арқылы ажыратылады. Тыныс белгісі сөйлемнің түрлеріне, құрылысына, сөйлем мүшелерінің жасалу жолдарына, сөйлемдегі сөздердің тіркесу тәсілдеріне байланысты қойылады. Мұны тыныс белгісінің сөйлемнің синтаксистік ерекшелігіне байланысты қойылуы дейміз.

Сөйлемнің тыныс белгісін дұрыс қою үшін, оның синтаксистік ерекшелігімен қатар, сол сөйлемдегі кейбір жеке сөздердің мағынасына да назар аудару қажет. өйткені бүтіндей бір сөйлемнің немесе ондағы кейбір жеке сөздердің мағынасы белгілі бір тыныс белгісін қоюды керек етеді. Мысалы: Ол рас айтты. Ол рас, бүгін келмекші деген екі сөйлемдегі рас сөзі екі мағынада қолданылып тұр, әсіресе, қос нүкте, тырнақша, жақша, сұрау, леп белгілері сөйлемнің мағынасына негізделіп қойылады. Мысалы:

Қайтсін, қолы тимепті,

Өлеңші , әнші есіл ер! (Крылов-Абай)

дегенде, леп белгісі сөйлемнің синтаксистік ерекшелігіне байланысты қойылып тұрған жоқ,

сөйлем кекесінді, әзіл-сықақ мағыналы болғандықтан қолданылып тұр.

Суреттеп және көрдім жүзі жарқын,

Ойладым: «Оңдырған-ау баққан халқын!»

Соншама құны толық, пұлды түйме

Артында қалдырмас па «жақсы даңқын» (С. Торайғыров).

Бұл мысалдығы тырнақшалар тырнақшаға алынған сөздердің кекесінді, қарама-қарсы мағынада қолданылғандығынан қойылып отыр. Тыныс белгісі сөйлемнің, сөйлемдегі кейбір сөздердің мағынасына қарай да қойылады.

1. Тыныс белгілерін дұрыс қолданылудың ендігі бір негізі – интонация. Мысалы, белгілі бір хабарлы сөйлемді айтқанда, оқығанда сөйлем соңында кідіріс болады. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін оқығанда, олардың әрқайсысынан кейін және құрмалас сөйлем құрамына енген әрбір жай сөйлем арасына кідіріс болады. Сұраулы, лепті сөйлемдерді оқығанда, дауыс көтеріңкі шығып, айрықша интонация байқалады. Сөйлеу тіліндегі мұндай интонация жазба тілде белгілі бір тыныс белгісін қоюды қажет етеді. мысалы, Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер, адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені, шын достықтың белгісі – көп кешікпей келгені деген сөйлемдердегі сызықшалар бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен немесе заттанған есімшелерден жасалғандықтан қойылып тұр. Бұл сызықша қоюдың грамматикалық белгісі. Сонымен бірге бұл

сөйлемдерді айтқанда, сызықша қойылған жерлерде кідіріс жасалады. Бұл – сөйлемдегі, ондағы жеке сөздерді айту интонациясы. Осы интонация бұл арада тыныс белгісі қойылатын жерге сай келіп тұр. Сызықшаны қолданудың негізгі принципі – грамматикалық белгімен қатар, бұл жерде интонация да сөйлемнің тыныс белгісін дұрыс қоюға себепші болып, белгілі бір тыныс белгісі керектігін аңғартқандай болып тұр. Бірақ, сөздерді, сөз тіркестерін айту интонациясы жазуда тыныс белгілері қойлатын жермен үнемі сай келе бермейді. Ауызекі тілде сөйлемді, сөйлемдегі сөз тіркестерін айтқанда жасалатын түрлі-түрлі кідірістерден кейін тыныс белгісін қоя беруге болмайды. Мысалы, Бермегенді беріп ұялт. Қайтып кірер есікті қатты жаппа. Біреу білмегенді біреу білер, - деген сияқты сөйлемдердегі бермегенді, есікті, білмегенді дегендерден кейін ауызекі тілде кідіріс жасалып айтылады. Бірақ соған қарамастан, бұл сөздер сөйлемнің баяндауышына тікелей қатысты болғандықтан, олардан соң үтір немесе басқа бір белгі қоюға болмайды. Тыныс белгілерін қолдану жалаң бір принципке ғана сүйенбей, барлық үш принциптің бірлігіне негізделеді. Қазіргі пунктуациямыз бір ғана принциптің негізінде жасалмайды, бірнеше принциптердің: грамматикалық, мағыналық және интонациялық принциптердің жиынтығына негізделеді. Пунктуация негізделетін принциптерді бір-бірімен қатар қоюға болмайды. Мағыналық

принцип, грамматикалық және интонациялық принциптерге қарағанда көлемді, өйткені соңғы екеуі мағына жасаудағы синтаксистік тәсілдер болып табылады. Пунктуация грамматикалық құрылым мен интонация арқылы берілетін мағынаға негізделеді деп санау керек, аталған мағына жасаушы белгілердің бірі екіншісінен басым болып отыруы мүмкін. Бірде тыныс белгісінің шешуші көрсеткіші интонация болса, бірде ондай қызметті синтаксистік құрылым атқаратын болады, ал интонация, мағынаны көрсететін белгі ретінде, екінші орында қарастырылуы мүмкін. Кей жағдайларда тыныс белгілері интонацияның қатынасынсыз, тек қана грамматикалық құрылымға сай қойылады. Ал кейде, керісінше, тыныс белгілері тек қана интонацияға сәйкес қойылады, басқаша айтқанда, грамматикалық белгілері жоқ болған кезде мағынаға сүйенеді. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілері, сол сөйлемнің синтаксистік байланыс ерекшелігіне қарай, ондағы белгі компоненттері бір-бірінен әрі мағыналық, әрі синтаксистік, әрі интонациялық бөлшектерге ажыратып көрсетеді. Тексті не сөйлемді тыныс белгілері арқылы бөлшектеу аталған үш принциптің жеке біреуіне ғана сүйенбейді, олардың бірлігіне сүйенеді. Ондай бөлшектер тек қана мағыналық және тек синтаксистік, не болмаса, тек интонациялық бөлшектердің біреуі ғана емес, әрі мағыналық, әрі грамматикалық, әрі интонациялық бөлшектер болып табылады. Мағыналық бөлшектер

арқылы бір сөйлемдегі ойды екінші сөйлемдегі оймен шатастырмау мүмкіндігі жасалады: сөйлемнің тура желілі мағынасы мен қосымша кірістірілген мағыналардың шекарасы белгіленеді. Грамматикалық бөлшектер арқылы берілген сөйлемнің синтаксистік құрылымдарынан ажыратылады: сөйлемнің синтаксистік тура мағынасы мен кірістірілген екінші мағынасынан шекарасы бөлініп көрсетіледі. Интонациялық бөлшектер арқылы әрбір қажетті синтаксистік компонент дауыс сазымен белгілі кідіріспен айтылады. Сөйлемде интонация жасалған жердің бәріне бірдей тыныс белгісі қойыла бермейтіні белгілі. Мұның өзі интонацияның көп қырлы болуына байланысты.

Пунктуация негіздері - қазақ тіл білімінде аз зерттеліп келе жатқан проблемалардың бірі. Ол жөнінде көрген ғылым еңбектер көп емес. Қазақ тілі пунктуациясын алғашқы зерттеушілердің бірі С. Жиенбаев. Ол «Сөйлемнің тыныс белгілері» деген еңбегінде: «Текстің негізгі элементі – сөйлем» деп санайды да, тыныс белгілерін сол сөйлем аясында қарастырады. Сөйлемнен тыс қолданылатын тыныс белгілері болмайды деген тұжырымға келеді. Пунктуация білімін меңгеру ана тілінің синтаксисін жете білумен тікелей байланысты екенін ескертеді. С. Жиенбаевтің аталған еңбегінде пунктуацияның күрделі саласы – ішкі пунктуацияны тудырушы оңашаланған айқындауыш, оқшау сөздер, бірыңғай сөйлем мүшелері мен жалпылауыш сөздер, сызықша

арқылы ажыратылатын бастауыш пен баяндауыш, құрмалас сөйлемдер және төл сөз бен автор сөзі тәрізді басты-басты синтаксистік категориялардың өзіндік сипаттамаларын ашқан. С. Жиенбаевтің еңбегінен келтірілген үзінділерді қарасақ, автордың қазақ тілі пунктуация негізі ретінде мағыеналық, интонациялық принциптерді қоса қамтитын сөйлемнің синтаксистік құрылымына жүгінетінін анық байқауға болады.

Пунктуация негіздерін айқындауға құнды пікірлер ұсынған елеулі еңбек А. Ысқақов пен Ә. Қасенов «Тыныс белгілері» кітабы. Бұл еңбекте қазақ тілі пунктуациясы үш түрлі принципке негізделгенін, негізгі үш принциптің (мағыналық, грамматикалық интонациялық принциптердің) ажырамас, тұтас бірлігімен шешілетін айтқан. Ондай пікір мына жолдардан да айқын байқалады. «Үтір, негізінде, грамматикалық ерекшелікті аңғартатын белгі ғана емес, сонымен қатар, мағыналық ерекшелікті танытатын белгі екенін көреміз. Оның қызметі мұнымен де тынбай, интонациялық жақты да қамтитыны қыстырма, қаратпа, одағай сөздермен байланысты қолданылуынан да белгілі». Кез келген тыныс белгісінің интонация сияқты, грамматикалық және мағыналық көрсеткіш екенін айтып, тыныс белгісі үш принциптің негізінде қолданылады. Бірақ көптеген авторлар біраз тыныс белгілерінің қолдануы жеке принциптер негізінде шешіледі деген: «Нүктелі үтір әрқашан тексттің грамматикалық құрылысына

сәйкес қолданылады. Көп нүкте айтылатын ойдың тек мағынасына қарай қойылатын белгі. Көп нүкте сөйлемнің грамматикалық құрылысына байланысты емес, оның мағынасының аяқталмай қалуы, үзіліп қалуы сияқты мағыналық жақтарға ғана байланысты. Леп белгісінің қолданылуы айтылатын ойдың тек мағынасымен байланысты, ал тырнақша сөйлемнің не грамматикалық құрылысын, не интонациясын көрсете алмайды, белгілі мағынаны байқаттыратын шартты дәнекер».

Профессор М. Балақаевтың қазақ тілі пунктуациясына арнап жазған мақалалары бар. Ол тыныс белгілерін дұрыс пайдаланудың негізгі дауыс ырғағымен байланысты болады, кейде тыныс белгілерін дұрыс қойып жазудың шарты дауыс ырғағы /интонация/ болмай, грамматикалық белгілері негіз болады деген. Мысалы: Ауылға келе жатқан Амантай алыстан бір аттыны көрді. Бастауыштан кейін үтір қойып жазушыларды кездестіреміз. Сол жерде шамалы тоқтап сөйлейміз. Солай екен деп ол сөзден кейін үтір қою, грамматикалық белгіге қарағанда, дұрыс болмайды. Өйткені Амантай сол сөйлемнің бастауышы, көрді – баяндауышы. Мұндай жерде үтір қою грамматикалық жобаға келеді, ал грамматика – синтаксис тарауымен байланысты. Сонда тыныс белгісін қою синтаксистік белгіге де байланысты екен. Бұл мысалдан көретініміз – М. Балақаев тыныс белгісінің қойылуын бірде

интонацияға, бірде грамматикалық принципке, бірде синтаксистік белгіге негіздейді.

Пунктуация туралы мәселе Ф. Мұсабекова еңбегінде де сөз болған. Ол тыныс белгілерінің қойылуын жеке принциптер тұрғысынан қарастырған. Ф. Мұсабекова былай дейді: «Тыныс белгілері сөйлемнің бірдей құрылысына қарай, бірде мағынасына қарай, бірде айтылуына қарай қойылады деу дұрыс. Бірсыпыра тыныс белгілері сөйлемнің құрылысына байланысты қойылады. Қос нүкте, нүктелі үтір, сызықша, үтір, жаңа жол синтаксистік құрылысқа сүйеніп қойылады. Жақшы, сұрау белгісі, леп белгісі, нүкте, көп нүкте, тырнақша т.б. сөйлемнің мағынасына негізделіп қойылады».

Аталған еңбектерді қарастыра келіп, сөйлемдегі кез келген тыныс белгісі аталған үш принципке негізделген бірде-бір тыныс белгісін кездестіре алмаймыз. Сондықтан тыныс белгісінің қойылуын үш принциптің біреуіне ғана негіздеудің дұрыс тұжырым емес екендігін көреміз. Бір сөйлемге тән тұтасқан бір бүтін, үш түрлі қасиетті бір-бірінен бөле - жарып, ажыратуға болмайды. Тыныс белгісі қойылған кез келген бір сөйлемді алып қарастырайық. Мысалы: Жолдастар, еңбек өнімділігін арттырайық! Берілген сөйлемде үтір де, леп белгісі де үш принципке бірдей негізделіп қойылған. Үтір арқылы белгіленген сөйлем компоненттерінің арасына дауыс кідірісі жасалған және жолдастар деген сөз, жалпы сөйлем леппен айтылған. Бұл айтылған тыныс белгілері

интонациялық принципке негізделеді. Үтір қаратап сөздің бар екенін ескертсе, леп белгісі сөйлемнің аяқталғанын білдіреді, келесі сөйлемнен ажыратуға мүмкіндік береді, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланысын белгілейді. Сөйтіп, бұл тыныс белгілері келтірілген сөйлемнің синтаксистік құрылымын айқындайды. Бұл – тыныс белгілерінің грамматикалық принципке негізделуі.

Үтір қоюдың нәтижесінде мысалдағы қаратпа сөздің мағынасын, леп белгісі арқылы берілген сөйлемнің лептік мағынасын көреміз. Бұл – аталған тыныс белгілерінің мағыналық принципке негізделуі. Сөйлемде аталған принциптердің бірлігіне негізделмейтін бірде бір тыныс белгісі жоқ. Сондықтан бұл үш принципті бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды. Әр түрлі сөйлем құрылымдарына қойылатын кез келген тыныс белгісі арқылы сол сөйлемнің мағынасы да, синтаксистік құрылым ерекшелігі де, интонациясы да бейнеленеді.

Кез келген сөйлем: жай сөйлем немесе құрмалас сөйлем, бір сөзді не көп сөзді сөйлем – аталған үш принциптің тұтасқан бірлігі негізінде жасалады. Белгілі мағынаны білдіріп, арнайы интонациямен айтылатын тіліміздегі алуан түрлі синтаксистік құрылымдардың өзіндік ерекшеліктеріне сай, қазақ тілі пунктуациясын құрайтын тыныс белгілері мынадай екі түрлі қызмет атқарады:

1. тексттегі әрбір сөйлемнің /жай не құрмалас/ шекарасын белгілеп, сөйлемкомпоненттерінің жігін ажырату;

2. күрделенген сөйлем ішіне кірістірілген түрлі синтаксистік оралымдарды ерекшелеп, ондай сөйлемдердің тура және қосымша синтаксистік байланыс белгілерін айқындау. Осыған орай, тыныс белгілері **ажыратушы және бөлуші тыныс белгілері** болып үлкен екі топқа бөлінеді. Ажыратушы және бөлуші тыныс белгілерінің қолданылуындағы бір ерекшелік мынадай: ажыратушы тыныс белгілері сыңар жақты, жеке-дара жұмсалады (Жем көп болса, мал да күйлі болады); бөлуші тыныс белгілері көбінесе екі жақты, жұп болып қолданылады (Біздерді, жастарды, қызу еңбек күтеді).

АЖЫРАТУШЫ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Ажыратушы тыныс белгілері мәтіндегі бір сөйлем мен екінші сөйлемнің шекарасын ажырату үшін, синтаксистік тура мағынада келген өзара тең дәрежелес синтаксистік компоненттердің (сөйлем мүшелерінің, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің) ара-жігін көрсету үшін қолданылады. Ажыратушы тыныс белгілерінің жиі қолданылатын екі түрін атап өтуге болады:

1) сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері /нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте, бұлардың кабаттаса қолданылған түрлері/;

2) бірыңғай мүшелерді және құрмалас сөйлем компоненттерін ажыратушы тыныс белгілері (үтір, сызықша, қос нүкте, нүктелі үтір). Сөйлем соңына қойылатын ажыратушы тыныс белгілерінің жазу мәдениетін қалыптастырып, пунктуациялық сауаттылықты арттыруда атқаратын ролі зор. Бұл топтағы тыныс белгілері жазба жұмыстарында өте жиі қолданылып, қажетті қызмет атқарады. Олар мәтіндігі әрбір жеке сөйлем аралығын белгілеп, бір ойды алдыңғы не соңғы оймен шатастырмауға мүмкіндік жасайды, сөйлемнің синтаксистік құрылым ерекшелігін, интонациясын еркін байқауға көмектеседі. Оқушы сөйлем соңына қойылған ажыратушы нүкте, сұрау белгісі немесе леп белгісін оқи отырып берілген сөйлемдердің хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем екенін, олардың қандай интонациямен айтылатын бірден көреді. Бірыңғай мүшелерді және құрмалас сөйлем компоненттерін ажыратушы тыныс белгілерінің қолданылуы тура желіде келген жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің мағыналық және синтаксистік құрылым ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік беріп, сөйлемді дұрыс оқуда интонацияның қажеттігін ескертеді. Аталған тыныс белгілері арқылы ажыратылушы компоненттер біртұтас синтаксистік топтың жеке және өзара тең дәрежелес сыңарлары болып табылады. Мектеп бағдарламасында бірыңғай мүшелер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің арасына

қойылатын ажыратушы тыныс белгілері мынадай мазмұнмен қаралады:

1) Ажыратушы үтір.

Ажыратушы үтір бірыңғай мүшелер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің арасына қойылады. Ескертетін бір жай – Тау да, тас та күннің күлімдеген нұрына бөленді деген сөйлемде ажыратушы үтірлер *да, де, та, те* шылауларына қатысты емес, бірыңғай мүшелердің арасын ажырату үшін өойылған. Екіншіден, аталған шылаулар – жалғаулықтар емес, әрбір бірыңғай сөзден соң келіп, оның лексикалық мағынасын күшейтіп тұратын демеулік шылаулар. Бұлардың жалғаулық қызметінде жұмсалатын кездері де болады. Жалғаулық ыңғайында жұмсалған *да, де, та, те* шылаулары сөйлемдегі тең дәрежелес екі сөзді немесе екі сөйлемді өзара жалғастырады да, қайталанбай бір-ақ рет қолданылады.

Қазақ тіліндегі көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем компоненттері әрі сабақтаса, әрі салаласы байланысады. Мысалы:

Астанамды көргенде,
Қуат кірді бойыма,
Өлең түсті ойыма,
Ағындатты жырымды
Күн сияқты Астана...

Берілген көп басыңқылы сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлем әрбір басыңқы сөйлеммен жеке-жеке сабақтаса байланысса, ондағы басыңқы

сөйлемдер өзара бір-бірімен салаласа байланысып, ыңғайлас салалас сөйлем ретінде жұмсалған. Мұндай құрылымдар аралас құрмалас сөйлем болады.

Жалпылауыш сөзсіз келген бірыңғай мүшелердің арасына ажыратушы үтір қойылады. Мысалы: Мұнда арпа, бидай, жүгері, күнбағыс өсіріледі.

1) Құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттердің арасына ажыратушы үтір қойылады:

2) Салалас құрмаластағы жай сөйлемдер арасына қойылатын үтір:

Ыңғайлас салалас: Жылы күн ұйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді (М.Әуезов).

Жалғаулықты қарсылықты салалас: Кейбір толқындары ғана Еділ бойлары мен Византияға жетті, бірақ одан аса алмады (І.Есенберлин).

Талғаулықты салалас: Сол белгі менде жоқ па, әлде байқамайсыздар ма?

Кезектес салалас: Біресе үстінен мүлт кетеді, біресе астындағы бақанға барып сарт етеді (І.Есенберлин).

2) Сабақтас құрмаластағы жай сөйлемдердің арасына қойылатын ажыратушы үтір:

Шартты бағыныңқылы сабақтас: Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап. (Абай)

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас: Таң алдында бір сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді (М.Әуезов).

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас: Жапырағы судырлап, тал таранды сұлуша (І.Жансүгіров).

3) Көп бағыныңқылы сабақтас:

Бірыңғай мәнді жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас: Қар еріп, топырақ қызып, жайнап қалғандай болдық (О.Бөкей).

Әр түрлі жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас: Жолдан бұрыстау болғанмен, сен қарсы болмасаң, соға кетуді ойлап келемін (С.Мұқанов).

Сатылы көп бағыныңқылы сабақтас: Білеубайдың аты аталғанда, көңілсіз оқиға есіне түсіп, Айша мұңайып қалды (Т.Ахтанов).

4) Аралас құрмалас сөйлемдер: Жау жағадан алғанда, бәрі етектен жармасып әбден қажытып еді, жасымызға жеткізбей әбден қартайтып еді (О.Бөкей).

Осындай бірыңғай мүшелер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемнің арасына ажыратушы үтір қою қазіргі қазақ тілі мен пунктуациялық әдебиеттерде қарастырылады. Мұнда тек синтаксистік құрылымдарға тән кейбір байқауларды ғана көрсеттік. Кейбір пунктуациялық бірыңғай мүшелердің арасында келетін үтірлердің қолданылуы жалғаулықтарға байланысты қарастырылады, кейде -да, -де, -та,-те демеуліктерін сондай жалғаулықтармен шатастыру байқалады.

2. Ажыратушы қос нүкте

Ажыратушы қос нүкте сөйлем мүшелерінің грамматикалық және логикалық қарым-қатынасын білдіреді, ойдың жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға қатысын көрсетеді. Қос нүктенің негізгі қызметі – сөйлем мүшелерінің арасындағы түрлі қарым-қатынастарды көрсету [1, 46 б.].

Ажыратушы қос нүкте компоненттері жалпылама-түсіндірмелі (дедуктивті-индуктивтік) қатынаста жұмсалған құрмалас сөйлем құрылымдарында қойылады.

Қос нүкте (:) - жазуда пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Көп нүкте сөйлемнің синтаксистік ерекшеліктері мен мағынасына баыланысты қойылады. Қос нүктенің сөйлемдегі басты қызметі - сөйлем мүшелерінің арасындағы түрлі қарым-қатынастарды көрсету.

1) Жалпылама сыңар - жеке сөйлемнен, ал түсіндірмелі сыңар бірнеше сөйлемнен жасалған іліктес салалас құрмалас сөйлемдерде ажыратушы қос нүкте қойылады: Тек түр шамасын ана жолғыдай, сырттай ғана топшылаймын: дауысына қарай өзі топас, ақымақтау болар деп түйемін. Қарашы, күзетші, малшы дегендердің үй жұмысын істеп жүрген толып жатқан адамдарды көз алдына келтірді: олар жалаң аяқ жар кешіп жұмыс істейді, әуе айналып жерге түсетін ыстықта қой бағады, бие сауады (С.Бегалин).

2) Компоненттері жалпылама-түсіндірмелі қатынаста келген аралас құрмалас сөйлемдерде ажыратушы қос нүкте қойылады. Мұндай аралас құрмалас сөйлемнің жалпылаушы компоненті жеке жай сөйлемнен жасалса, түсіндірме компоненттері өзара тұлғалас, ыңғайлас болып түзілген сабақтас құрмалас сөйлемдерден жасалады. Мысалы: Жаман дос - көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың. (Абай) Келесі күні дүние құлпырып шыға келіпті: кешегі жауған ұлпа қар қыстың аязды қарындай шақыраймай, октябрьдің аласа күнінің солғын сәулесіне малынып, төңіректің ажарын ашып, алысты айқындап берген (С.Бегалин).

Бұл арада ескертетін нәрсе – синтаксис пен пунктуация жайында жазылған еңбектерде аталған құрылымның аралас құрмалас сөйлем екені анық көрсетілмейді. Осыған байланысты, ондағы ажыратушы қос нүктенің қолданылуы жазу тәжірибесінде біржолата тұрақтай қойған жоқ. Кейде бұл қос нүкте үтірмен де алмастырылып жүр.

3) Екі компонентті де дара сөйлемдерден жасалып, ой түйіні келесі бөлікте шешілетін іліктес салалас құрмалас сөйлемде де ажыратушы қос нүкте қолданылады. Мысалы: Дикандар ораған алтын астықты Отан қамбасына тасуда шығыс облыстары басым қолданылатын транспорт бар: ол - өзен қатынасы. Бұған бұғышының бір жауабы қысқа: ол - әрбір тірі жан өз денесін ауырламайды. Мұндай жерге

сызықша қоймай, қос нүкте қоюдың бір себебі - екінші сөйлемнің тұрлаулы мүшелері көбінесе атау тұлғада келіп, өзара сызықша арқылы ажыратылады. Сондықтан сызықшаны қабаттай бермей, қос нүкте қою дұрыс болады.

4) Іліктес салалас құрмалас сөйлемнің компоненттері былайша мынадай мағыналық байланыста болғанда, араларына қос нүкте қойылады. Мысалы, Мұндайда әйелдер қандай берекесіз: шыңғырып, бақырып азан-қазан болып жатыр. Сырт кескінінде «мен мұндалап» көзге түсер ешнәрсе жоқ: орта бойлы, кеуделі, толықша денелі, кішілеу қайқы тұмсық, аққұба әйел (С.Бегалин).

Түсіндірмелі мәнді сөйлем құрылымынан кейін бірыңғай мүше келген сөйлем құрылымында қос нүкте қойылатын орындар да кездеседі. Сол жұмыр жердің бетіндегі құрғақшылығы: Азия, Европа, Африка, Австралия деп аталады (С.Бегалин). Сонымен бірге, салалас құрмалас сөйлем құрылымында, мысалы, Ат-көлік аман болса түс ауа апаңыздың ақ дидарын көресіз: көптен бері көріспеген болсаңыз, ауыл сыртына түсіп, сіңлі кәдесін істерсіз (сонда). Алғашқы басыңқы сөйлем құрылымын екінші басыңқы сөйлем құрылымы түсіндіріп, мағынасын ашып тұр. Мұндай сөйлем құрылымы практикада кездесе қоймайды.

3. Ажыратушы сызықша

Сызықша да үтір сияқты жиі қолданылатын тыныс белгісі. Сызықша мағынаға, интонацияға, сөйлемнің синтаксистік ерекшелігіне байланысты қойылады. Ажыратушы сызықша, негізінен алғанда, компоненттері индуктивті-дедуктивті (түсіндірмелі-жалпылама) қатынаста жасалған іліктес салалас құрмалас сөйлемдерде қойылады [2, 56 б.].

1) Қазіргі қазақ тілінде іліктес салалас құрмалас сөйлемге орын тәртібі жағынан жалпылауыш сыңары түсіндірмелі сыңарынан бұрын келетін (дедуктивті-индуктивтік) синтаксистік құрылымдар ғана жатқызылып жүр. Алайда тіл фактілеріне қарағанда қысқасы, бір сөзбен айтқанда, демек, сайып келгенде сияқты жалпылау-жинақтау мәнді қыстырма сөздердің қатыстырылуы арқылы іліктес салалас құрмалас компоненттерінің орын тәртібін алмастыра қолдану жиі кездеседі. Мұндай жағдайда олардың тыныс белгілері де өзгереді: қос нүкте орнына сызықша қойылады. Мысалы: Дәрігердің екеуі де жоқ: бірі қалаға кетті, бірі ауырып жатыр. Бірі қалаға кетті, бірі ауырып жатыр-қысқасы, дәрігердің екеуі де жоқ.

2) Санама түсіндірмелі компоненттері ма, ме шылаулары арқылы жасалып, талғаулы немесе өзара ыңғайлас, кезекетс қатынаста жұмсалған іліктес салалас құрмалас сөйлемдерде ажыратушы сызықша қойылады. Мысалы: Жер жайынан, осы тұстағы елдің

ата тегі жайынан көп әңгімелер айтқан Диқанбай деген кісі Іле өзенінің басы Қытаймен шектес Алатау сілемдерінен шығып, жолшыбайғы – Шарын, Шелек сияқты әлденеше ондаған өзен бұлақтардың суымен молығып, Балқаш көліне құятынын айтып берді (С.Бегалин).

Мұндай құрылымдардың кейде түсіндірмелі сыңарлары түгел санамаланбай-ақ, бір ғана сөйлемі берілуі мүмкін. Бұл жағдайда түсіндірмелі-жалпылама мән **әйтеуір** сөзінен белгілі болады: Сонысын қызық көре ме - **әйтеуір** Қали Абдыралыдан шыққалы оны қасынан ұзатпады.

2) Іліктес салаластың жалпылауыш компоненті әйтеуір, не керек тәрізді сөздердің қатысымен жасалады, мұндайда сызықша қойылады. Мысалы: Кейде жел тұрады, кейде жаңбыр жауады - әйтеуір бір тыныш күнді көрмедік.

3) Іліктес салалас құрмалас сөйлемнің ерекше бір түріне алғы сыңардағы баяндауыштары сол, сонша, соншалық, сондай сөздерінен жасалған құрылымдар жатады. Алдыңғы сөйлем грамматикалық жақтан дербес сөйлем болғанымен, ондағы ой мазмұны толық ашылмай, келесі сөйлемге сілтеніп отырады; екінші сөйлем алғы сөйлемді түсіндіріп, ондағы ойды жинақтау үшін қолданылады. Мысалы: Халық жұмбақтарының қасиеті сол – заттың барлық белгілері тізбектеліп жатпайды, ең маңызды деген бір-екеуі ғана алынады. Біздің жастардың әнге

құмарлығы сондай – олар әрбір жаңа өлеңді бұлжытпай тез үйреніп алады.

Көп жағдайда мұндай сөйлемдердегі сол, сонша, сондай сөздерінен болған баяндайыштар айтылмай, түсіп қалады да, аталған құрылым құрмалас сөйлем болудан қалады. Мысалы: Бір жақсы жері – әжем бұған көп назар аударған жоқ. Надандықтың белгісі – еш ақылға жарымас (Б. Алтынсарин).

4. Ажыратушы нүктелі үтір

Нүктелі үтір (;) - жазуда пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Бұл белгіні қоюда сөйлемнің құрылысы мен мағынасы негізге алынады. Нүктелі үтірді сөйлемнің құрылысына қарай қойғанда, құрмаласқа енген жай сөйлемдер баяндауыштарының тұлғалық жағынан және жасалу жолдары жағынан сәйкестілігі, бірыңғайлығы, тепе-теңдік тиянақтылығы ескеріледі. Нүктелі үтір, негізінен, жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгі. Өзара ыңғайлас, тең дәрежелі, іштей үтірмен ажыратылатын түсіндірмелі компоненттер арасына нүктелі үтір қойылады:

1) Жалпылама-түсіндірмелі қатынаста жасалған құрмалас сөйлемдегі түсіндірме компоненттер нүктелі үтірмен ажыратылады:

Кеуденнен қашан жаның шығып кеткенше үміт деген ит үзілмейді екен; алдыңғы қатардағыларды

сыпырып шығарып жатқан ажал ұстарасы дәл маған тақалғанда тоқтап қалар ма екен; кеудемде әлсіз бір есек дәме болады. Аға досы, әрі қазақ даласының сырына жетік, тілі мен түсінігіне таныс Дабашинский Шоқанға Ковалевскиймен бірге болғандағы көп әңгімелерін айтты; Ковалевскийдің Африкадан алып келген қара көмірдей күтушісі жайында бір тамаша жайды сөйледі (С.Бегалин).

2) Дедуктивті-индуктивті қатынаста келген синтаксистік құрылымдардағы өзара іштей үтірмен ажыратылған бірыңғай алшақ оғашаланған компоненттер арасы нүктелі үтірмен ажыратылады: Шабуылдың тактикасының негізгі элементтері ретінде мына жайларды айтуға болады:

а) Допты соғарда қарсы команданың нашарлау ойнайтын ойыншысын көздеп, соған бағыттау:

ә) ауа райын (желді, күнді) пайдалану;

б) қарсыластар алаңының ең осал қорғалынып тұрған жерін таба білу.

3) Өзара ыңғайлас, тұлғалас болып түзілген бірнеше сабақтас құрмалас сөйлемдерден жасалған аралас құрмалас сөйлемдерде нүктелі үтір қойылады: Ұлың өссе, ұлы үлгілермен ауылдас бол: қызың өссе, қызы үлгілерімен ауылдас бол (мақал).

4) Төрт не одан көп жай сөйлемдерден жасалған күрделі салалас құрмалас сөйлем құрылымдарында нүктелі үтір қойылады:

Уайым түбі - теңіз, батасың да кетесің: тәуекел түбі - қайық, өтесің де шығасың (Мақал).

Қазақ тілі оқулықтары мен пунктуациялық әдебиеттерде нүктелі үтір қойылатын синтаксистік құрылымдардың нақты жүйесі жасалып, бір ізге келтірілмеген. Олар әр әдебиетте әр түрлі беріліп жүр.

Ажыратушы тыныс белгілері **ықшамдалған сөйлем құрылымдарында** қойылады. Қазақ тіліндегі қайсыбір сөйлем құрылымдары өз құрамындағы сөздердің айтылмай, түсіп қалуы нәтижесінде қалыптасады. Бұл құбылыс құрамдық жағынан ықшамдап, белгілі дәрежедегі стильдік талаптарға жауап береді. Бұларды ықшамдалған немесе (эллипсистік) сөйлем құрылымдары дейміз. Ықшамдалған сөйлем құрылымдары - өз құрамындағы кейбір сөздердің айтылмай, түсіп қалу нәтижесінде сыйыстырыла қалыптасқан сөйлемдер. Мысалы: Мектепке – 75. Барлығы да - балалар үшін. Той – тондынікі. т.б.

Тұрлаулы мүшелер сөйлем құрылымын жасаудағы өзекті компоненттер болып табылады. Сондықтан олардың әр түрлі тұлғада жұмсалуды бастауыш пен баяндауыштың синтаксистік байланыс тәсілдерін де өзгертіп, сөйлем құрылымдарын түрлендіріп отырады. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы үнемі жіктік жалғаулары арқылы іске аса бермейді. Етістік, зат есім мағынасында жұмсала алатын сын есім, жинақтық сан есім, жатыс жалғаулы, кәсіп-мамандықты білдіретін және теңеу ретінде қолданылған зат есім, кейбір есімдіктерден жасалған баяндауыштар I, II жақ жалғауларын қабылдаса, III

жақта (ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтағы және –ып, –іп, –п тұлғасында келген көсемшелі бұрынғы өткен шақтағы етістік баяндандауыштар болмаса) арнайы жіктік жалғауын қабылдамайды. Егерде I, II жақтағы жіктеу есімдіктерінен (сондай-ақ кейбір тәуелденген есімдіктер мен жинақтық сан есімдері сияқты сөздерден) басқа бастауыш болатын сөздердің дені III жақта қолданылатынын ескерсек, қазақ тілінде баяндауыштардың жіктік жалғауын көп жағдайда қабылдамайтынын көреміз. Бұдан предикаттық қиыса байланысудың барлық сөйлем атаулыға тән құбылыс емес екендігін байқау қиын емес.

Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де баяндауыштар тек жіктік жалғаулы етістіктерден ғана емес, сондай-ақ әр түрлі тұлғадағы (атау, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары, шылау және түрлі жұрнаққа біткен) сөз таптарынан жасалынып, айтылмақ ойды біршама аяқтап, байымдауға қажетті мағынаны толық жеткізе алады. Бұл жағдай қазақ тіліндегі сөйлемдердің ықшам қолданылуға (эллипсистік құбылысқа) жиі ұшырауымен тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі ықшамдалған сөйлем құрылымдары мен оларға байланысты қойылатын тыныс белгілерін төменгі топтарға бөліп қарастыруға болады.

Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықша

Бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қою – ықшамдалған сөйлем құрылымдарына тән құбылыс. Сондықтан мұндай сызықшаны ықшамдалуға байланысты қойылатын сызықша дейміз.

Мектеп оқулықтарында бұл тақырыпты «Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын жағдайлар» деп атайды. Мұндай жағдайда сөйлемнің баяндауышы зат есімнен немесе зат есім мағынасындағы сөз таптарынан жасалады. Алайда, қазіргі қазақ тілінде бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықшаның аталған құрылымынан басқа жерлерде де кездесетінін көреміз. Осыған орай, бастауыш пен баяндауыш арасын ажыратушы сызықша мына төмендегідей негізгі сөйлем құрылымдарында қойылады.

1. Бастауышы да, баяндауышы да атау тұлғада келген сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша.

а) Есім баяндауыштың ІІІ жақ жіктік жалғауын қабылдамауы сөйлемді ықшамдайды. Мұндай жағдайда бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойылады.

Мысалы: Бұл топ – Абайдың өз үйінің қонақтары (М. Әуезов). Бес жерде бес – жиырма бес. Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас (Абай).

Кейде есім баяндауыштардағы І, ІІ жақ жіктік жалғауларын да түсіріп айтуға болады. Мұндай құбылыстан кейін сөйлем ықшамдалып, бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойылады.

Мысалы: Мен – көмір де, сен – темір, ерітуге келгенмін (Бұқар). Мен – тауда ойнаған қарт марал.

ә) Есім баяндауыш құрамындағы көмекші етістіктер айтылмаса, сөйлем ықшамдалып, бастауыш пен баяндауыш арасы сызықшамен ажыратылады. Мысалы: Еңбек ету – ардақты іс. (Еңбек ету ардақты іс болып саналады.) А.С. Пушкин – данышпан ақын. (А.С. Пушкин данышпан ақын болып еді.) Бұл – адамзаттың жарқын болашағы. (Бұл адамзаттың жарқын болашағы болып табылады.)

б) Модаль сөздер және басқа грамматикалық тұлғалар есім баяндауыш құрамында жұмсалса, сөйлем ықшамдалып, бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойылады. Мысалы: Жамал – сауыншы. (Жамал сауыншы шығар. Жамал сауыншы ма? Жамал сауыншы болып жүр екен.)

2. Бастауышы субстантивтенген сөз таптарынан жасалған сөйлем құрылымдарына қойылатын сызықша.

Көп – қорқытады, терең – батырады. (Көп адам қорқытады, терең су батырады.) Көрмес – түйені де көрмес. Жақсы – ісімен жақсы. Оқымаған – надан. Саусағы ұзын – биші болар, құлағы үлкен – күйші болар (Мақалдар).

Ықшамдалған сөйлемдердің бастауышы зат есім мағынасында қолданылған атау тұлғалы сөз таптарынан жасалса, баяндауыштары атау тұлғалы есім сөздерден де, жақ жалғаулы етістіктерден де жасала береді. Бұл сияқты синтаксистік

құрылымдардың түзілісінде өзіндік ерекшеліктер бар. Сөйлемнің алғашқы зат есім бастауыштары түсіп қалады. Мұның нәтижесінде сөйлем ықшамдалады, оның құрылысында мынадай өзгерістер пайда болады: зат есімнен болған бастауышты анықтаған сапалық есім заттанады да, ықшамдалған сөйлемнің бастауышына айналады. Мұның өзі сөйлемдегі бастауыш арасын сызықшамен ажыратудың негізгі себебі болса, ондай сызықша қоюдың екінші бір жанама себебін де ескеру керек болады. Ол – субстантивтенген бастауыштардың есім баяндауыштарымен қабысуға қабілеттілігі. Мұндай жинақы құрылымдар мақал-мәтел, қанатты сөздерде жиі кездеседі.

3. Баяндауышы септік жалғаулы сөздерден жасалаған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша.

Қой өрісі – қорадан. (Қой өрісі қорадан басталады.) Ақыл – жастан, асыл – тастан. Ат – биеден, аруана – түйеден. Елдің көркі – жерменен, жердің көркі – суменен. Ат жүйрігі – асқа, тіл жүйрігі – басқа.

Қазақ тілінде өнімді қолданылатын мұндай ықшамдалған сөйлем түрлері толық сөйлемдегі етістік баяндауыштардың айтылмай, түсіп қалуынан жасалады. Баяндауыштың синтаксистік қызметі әр түрлі септік жалғаулы сөздерден болған (алдында тұрған) тұрлаусыз мүшеге ауысады.

4. Баяндауышы есім сөз бен үшін шылауының тіркесінен жасалған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша.

Бәрі де – балалар үшін. Бар білім – ел үшін. Мұның бәрі – сен үшін. Жақсыны – көрмек үшін (Мақал).

Ықшамдалған құрылымда айтылмаған мүшенің (толық сөйлемдегі баяндауыштың) синтаксистік қызметі **үшін** шылауы мен зат есім немесе зат есім мәнінде жұмсалған сөздердің тіркесінен жасалған мүшеге ауысады. Бұл тіркес ықшамдалған сөйлемнің баяндауышы болады. Мұндай сызықша ықшамдалған сөйлемдегі ойды біршама аяқтауға қатысты болып, баяндауыш құрыман енген **үшін** шылауының синтаксистік қызметін айқындай түседі.

5. Баяндауышы –ша, -ше жұрнақты өткен шақтағы есімшеден жасалған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша:

Көз – көргенше, құлақ – естігенше. Жақсы кісінің ашуы – торғын орамал кепкенше (Мақал).

Мұндай сөйлемдердің толық түрі көбінесе бір сөздің әрі бастауыш, әрі баяндауыш болып қайталануынан жасалады да, ықшамдалған түрінде ондай ортақ сөз баяндауыш ретінде қайталанбайды. Ықшамдалған компоненттің синтаксистік қызметі алдыңғы мүшеге ауысады. Сондай-ақ, ондай баяндауыштар бастауышты қайталамайтын сөздерден де жасалуы мүмкін.

6. Бастауышы тәуелдік жалғаулы есімшеден не есімше қатысты сөзден жасалып, баяндауышы мезгілдік үстеулерден, сілтеу есімдіктерінен жасалған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша: Сенің айтқан сөзің – осы. (Сенің айтқан сөзің осы емес пе еді?) Оқығаным – қазір. Естігені – кеше.

Мұндай баяндауыштар субстантивтену ыңғайда жұмсалады. Сондықтан толық құрылымдағы предикаттық мәнді беруші грамматикалық тұлғалар (шылаулар, көмекші етістіктер) айтылмай, сөйлем ықшамдалады.

Алғы сөзі – септік жалғауында, соңғы сөзі атау тұлғада келіп ықшамдалған эллипсистік сөйлем құрылымдарына қойылатын сызықша

Мектепке – 75 жыл. Сәттілікке – тәттілік. Сыйға – сый, сыраға – бал. Атадан – алтау, анадан – төртеу (Абай). Еңбегіне қарай – табысы. Білімдіден – ақыл, ақылды қарттан – нақыл. Жасыңда – бейнет, қартайғанда – зейнет.

Бұл ықшамдалған сөйлемдердің негізгі ерекшелігі сол – оның құрамында бастауыш болмайды. Сөйлемнің ұйымдастырушы предикаттық қызметін баяндауыш қана атқарады.

Ықшамдалған мүшенің синтаксистік қызметін жаңғыртушы компонент түрлерінің бірі емес, бірнеше мүмкін варианттары болуы ықтимал. Ықшам құрылымның толық түріндегі мүмкін варианттардың жуық көріністері мынадай:

а) Толық сөйлемнің баяндауышы түсіп қалса, ондағы бастауыш (өз тұлғасын өзгертпей) сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалады. Мысалы: Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар. (Жүзден жүйрік шығады, мыңнан тұлпар шығады.) Бір жылға – қоян шарық. (Бір жылға қоян шарық шыдайды.)

ә) Толық сөйлемнің ырықсыз етістіктен болған баяндауышы айтылмаса, оның бастауышы ықшамдалған сөйлемнің баяндауышына ауысады. Мысалы: Жүйрікке – жүлде. (Жүйрікке жүлде беріледі.) Сыныққа – сылтау. (Сыныққа сылтау табылады.)

б) Толық сөйлемнің күрделі баяндауыш құрамындағы сабақты етістік түсіп қалса, ондағы негізгі предикаттық мәнде жұмсалған жасырын табыс септіктегі есім сөз ықшамдалған сөйлемнің атау тұлғалы баяндауышы болып қалады. Мысалы: Сыйға – сый, сыраға – бал. (Сыйға сый жаса, сыра бергенге бал бер.) Жақсылыққа – жақсылық. (Жақсылыққа жақсылық жасады).

в) Толық сөйлемнің бастауышы айтылмай, ондағы атау тұлғалы есім баяндауыш ықшамдалған сөйлемде бұрынғы синтаксистік қызметінде қалады. Мысалы: Білгенге – маржан, білмеске – арзан. (Абай) (Білгенге бұл – маржан, білмеске бұл – арзан.).

г) Жіктік жалғауларды қолданбау арқылы да мұндай сөйлемдер ықшамдалады. Мысалы: Атадан – алтау, анадан – төртеу. (Абай) (Атадан алтаумын, анадан төртеумін.)

Екі компоненті де септік жалғаулы ықшамдалған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша

Бұл құрылымдар алдыңғы берілген ықшамдалған сөйлемдерге ұқсас. Одан айырмасы – ықшамдалған сөйлемнің баяндауы атау тұлғада емес, септік жалғаулы сөзден жасалады. Сондықтан мұны сызықша қойылатын ықшамдалған сөйлем типтерінің өзіндік ерекшеліктері бар бір түрі ретінде қарастырамыз.

Аталған сөйлем құрылымы, негізінен алғанда, екі түрде көрінеді:

а) Алдыңғы сөзі табыс септік жалғаулы тура толықтауыш болса, соңғы сөзі шығыс септік жалғаулы баяндауыш болып құрылады. Мұндай ықшамдалған құрылымның толық түріндегі етістік не етістік қатысты түрлі грамматикалық тұлғалардан жасалған баяндауышы айтылмай қалады да, ол сөйлемнің пысықтауышы өз тұлғасын өзгертпей, эллипсистік құрылымда баяндауыш болады. Мысалы: Баланы – жастан. (Баланы жастан тәрбиелеу керек.) Жаз киімін – қыстан. (Жаз киімін қыстан даярлау керек.)

ә) Бірінші сөзі ілік септік жалғаулы анықтауыш болса, екінші сөзі шығыс септік жалғаулы баяндауыш болады. Бұлайша ықшамдалған құрылымның толық түріндегі баяндауыш қызметінде келген сөз түсіп қалады да, ондағы шығыс септіктегі жанама толықтауыш өз тұлғасын өзгертпей, сөйлемнің

баяндауышына айналады. Сондай-ақ, мұндай құрылымдарда сөйлемнің басқа компоненттері де («қандай екені» сияқты сөздер) айтылмай қалады. Келіннің – аяғынан, қойшының – таяғынан. (Келіннің қандай екенін аяғынан (ыдыс-аяқ) тануға болады, қойшының қандай екенін таяғынан тануға болады.)

Екі сыңары да септік жалғауынан жасалған ықшамдалған сөйлем құрылымдарының тағы бір ерекшелігі сол – оның толық түрі көбінесе жақсыз сөйлем ретінде жұмсалады. Мұны жоғарғы мысалдардан байқауға болады.

Ортақ мүшеге ықшамдалған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша мен үтірлі сызықша

Мұндай ықшамдалудың (эллипсистік құрылыстың) ерекшелігі – онда сөз түсіп қалмайды, екі не одан да көп сөйлемдерден жасалған синтаксистік құрылымдағы кейбір мүшелер әрбір сыңарда қайталанбай, соңғы сыңарда бір-ақ рет айтылады. Мысалы: Қой өсіру – екі есе, жылқы өсіру үш есе артты. (Қой өсіру екі есе артты, ал жылқы өсіру үш есе артты.) Олардың алдында астыңғы қабаты – кірпіштен, үстіңгі қабаты ағаштан салынған шатырлы үй тұрады. Екінші рет оралғанда Айғыз бір қолында – ақ шәйнек, екінші қолына тағы бір кесе ұстай кірді. Үлкенді – аға, кішіні – іні де сыйлауды ұмытпасақ болар. Олар кейде – түгел, кейде кездесіп жұмыс істейді. Біреу – күрегін, біреу – балтасын,

біреу арасын алып сапқа тұрды. Мен орыстармен – орысша, қазақтармен қазақша сөйлесе беремін.

Мұндай құрылымдарда әр түрлі орындарда жұмсалған ортақ мүшелер ғана емес, сонымен бірге, міндетті түрде, қос сыңарлы екі не бірнеше салыстырмалы жұп ыңғайлас мүшелер болады. Мәселен, жоғарғы мысалдардағы бірінші сөйлемде мынадай жұп ыңғайлас мүшелер бар: бірі – қой өсіру екі есе, екіншісі – жылқы өсіру үш есе.

Ортақ мүшеге ықшамдалған сөйлем құрамында бірыңғайлас мүшелер ерекше көзге түседі. Ықшам құрылымдағы мұндай ыңғайлас мүшелерді әдеттегі бірыңғай сөйлем мүшелерімен қатар қоймай, ерекше қарастырған жөн. Аталған синтаксистік категорияның өзіндік ерекшеліктерін ескере келе, оны, шартты түрде, салыстырмалы жұп ыңғайлас мүшелер деп атаймыз.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен салыстырмалы жұп ыңғайлас мүшелердің негізгі айырмасы мынады: бірінде әр түрлі сөздерден жасалған мүшелер бір-ақ қатарға түзіледі де, қалған мүшелер қайталанады; екіншісінде әр түрлі сөздерден жасалған мүшелер, кемінде, екі қатарлы болып, қалған сөздер қайталану арқылы ортақ мүшелер болады. Қысқасы, салыстырмалы жұп ыңғайлас мүшелерге тән ажырым мүшелер әдеттегі бірыңғай мүшелерден жасалған сөйлем құрылымдарында қолданылмайды.

Аталған синтаксистік категориялардың бір-бірінен айырмасын төмендегі кестелерден байқауға болады.

Бірыңғай мүшелерге ықшамдалған сөйлем құрылымы

Серіктестік жыл сайын бидай, бұршақ, қызылша өсіреді.

1-ортақ мүше	2-ортақ мүше	Ортақтас мүшелер	3-ортақ мүше
Серіктестік	жыл сайын	бидай бұршақ қызылша	өсіреді

Салыстырмалы жұп ыңғайлас мүшелерге ықшамдалған сөйлем құрылымы.

Мұнда Есболатжан – Оразбай, Бөкеншіден – Күнту, Топайдан – Байділда бар. (М.Әуезов)

1-ортақ мүше	Ажырым мүшелер	Ортақтас мүшелер	2-ортақ мүше
Мұнда	Есболатжан Бөкеншіден Топайдан	Оразбай Күнту Байділда	бар

Салыстырмалы жұп ыңғайлас мүшелі ықшамдалған сөйлем құрылымдары салалас, сабақтас және аралас құрмалас сөйлемдердің сыйыстырылуынан жасала береді:

1) Салалас құрмалас сөйлемдердің көбінесе алдыңғы компоненттері ықшамдалып, соңғысы толық

айтылады. Мысалы: Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады. (Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.) (Мақал)

2) Сабақтас құрмалас сөйлемдердегі басыңқы сөйлемдер ықшамдалады да, бағыныңқылары толық айтылады. Мысалы: Жау жағадан алғанда, бөрі – етектен. (Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады.) (Мақал)

3) Екі не одан да көп сабақтас құрмаластардан жасалған аралас құрмалас сөйлемдердегі басыңқы сыңарлар ықшамдалады. Мысалы: Қолымызға құты түссе, - құтымен, кесе түссе, су аламыз.

Салалас сөйлемдер ортақ мүшеге ықшамдалу нәтижесінде құрмалас сөйлем болудан қалып, жай сөйлемге айналатын болса, ортақ мүшеге ықшамдалған сабақтас және аралас құрмалас сөйлемдер құрмалас сөйлем күйінде қалады. Өйткені әрқашан ондай құрмаластардағы басыңқы компоненттер ықшамдалып, бағыныңқы сөйлемдер толық айтылады. Ықшамдауға байланысты қойылатын эллипсистік сызықшамен қатар, бағыныңқы сөйлемнен соң келетін ажыратушы үтір де сақталады. Сөйтіп, мұндай сөйлемдерге үтірлі сызықша қойылатын болады.

Салыстырмалы жұп ыңғайлас мүшелер құрмалас сөйлем компоненттерінің ықшамдалуынан ғана емес, сол сияқты, үйірлі мүшелердің ортақ мүшеге сыйыстырыла жұмсалыуынан да жасала береді. Ондай үйірлі мүшелерден ықшамдалу шегі

баяндауыш ыңғайындағы сөзбен аяқталады да, одан ары қарай ықшамдауға келмейді. Мысалы: Бірі-қойға, бірі қозыға шөп салып жүрген малшылар бізді аңғармады.

Ықшамдалған құрмалас сөйлемдерге қойылатын сызықша мен үтірлі сызықша

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдердің түрлі дәрежелі өзіндік ықшамдалу жолдары бар. Оның біразы жоғарыда айтылды. Ажыратушы сызықша мен үтірлі сызықшаны сөз еткенде, ықшамдалған құрмалас сөйлемдердің төменгі түрлеріне тоқталамыз.

1) Сабақтас сөйлемдегі бағыныңқы сыңардың толық айтылып, басыңқы сыңардың ықшамдалуы нәтижесінде жасалған мынадай ерекше ықшамдалған құрмалас сөйлем құрылымдарында үтірлі сызықша қойылады. Мысалы: Су тасыса, - жиегіне; ер тасыса, - еліне. Ер арыса, - аруақ, ат арыса, - тулақ. Қорқақты көп қуса, - батыр болады. Гүл өссе, - жердің көркі; қыз өссе, - елдің көркі. Тисе, - терекке; тимессе, - бұтаққа. (Мақалдар)

Мұндай құрылымдарда ықшамдалушы басыңқы сөйлем мен толық айтылатын бағыныңқы сөйлемнің бастауыштары ортақ іс иесін бейнелейді. Ондай ортақ бастауыш бағыныңқы сөйлем құрамында жұмсалады да, ықшамдалушы басыңқы сөйлемде қайталанып айтылмайды.

2) Бұл типтес ықшамдалған құрмалас сөйлемдердің қатарына толық сыңары болымсыз де етістігінің қатысымен жасалған, екінші сыңары ықшамдалған салалас құрмалас сөйлемдерді де жатқызуға болады. Мысалы: Жау жоқ деме, - жар астында; бөрі жоқ деме, - бөрік астында. (Мақал)

3) Құрамындағы екі сыңары да толық айтылып, оларды байланыстырушы жалғаулықтары (себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті т.б.) айтылмайтын себепсалдар салалас құрмалас сөйлемдердің ықшамдалуы ажыратушы сызықша арқылы белгіленеді. Мысалы: Талап әр балада бар – оған талас қылуға болмайды. (Абай) Данилов туралы еш нәрсе айта алмаймын – онымен әзір жете танысқаным жоқ. (Ы.Алтынсарин) Жақсы сөзді ел жаттар – ел жаттар сөзде салмақ бар. (Ж.Жабаев)

4) Құрамындағы екі сыңары да толық айтылып, оларды байланыстырушы жалғаулықтары ғана (бірақ, ал, алайда, сөйтсе де т.б.) айтылмайтын қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдердің ықшамдалуы үтірлі сызықша арқылы белгіленеді. Мысалы: Елемес бір нәрсе айтайын деп еді, - Шымырбек тыңдамай кетіп қалды. (С.Ерубәев) Сағатов қарсыласпақ болып еді, - Рахымовтың тыңдағасы да келмеді. (З. Шашкин)

**Жалпылама – түсіндірмелі қатынаста
келген бастауыш пен баяндауыш арасына
қойылатын қос нүкте**

Қайсыбір қос сыңарлы іліктес салалас құрамындағы алдыңғы сөйлемнің баяндауышы мыналар деген көптік жалғаулы есімдіктен болады да, соңғы сөйлем бастауышы санамаланған бірыңғай баяндауыштары бар олар деген көптік тұлғалы есімдіктен жасалады. Мысалы: Төргі үйде отырғандар мыналар: олар – Абыздың туыстары, жолдастары, таныстары. (Б. Бұлқышев).

Мұндай іліктес салалас құрмалас эллипсистік құбылысқа жиі ұшырап, мынадай жаңа құрылымдарға ықшамдалып отырады:

1) Екінші сыңардағы бастауыш (олар) түсіп қалғанда, ондағы бірыңғай баяндауыштар бірінші сыңардағы баяндауышты айқындап, екінші сөйлем желісінде келген оңашаланған айқындауыш қызметінде қолданылады. Мысалы: Төргі үйде отырғандар мыналар: Абыздың туыстары, жолдастары, таныстары.

2) Ал ықшамдалу мұнымен тоқталмай, бірінші компонент ықшамдалғанда, яғни ондағы *мыналар* деген сөзден болған баяндауыш айтылмаса, жоғарғы сөйлемдерден басқа, тұрлаулы мүшелері жалпылама-түсіндірмелі қатынасты келген жаңа синтаксистік құрылым пайда болады. Мысалы: Адамды мақұлықтардан бөліп алған: еңбек, от, сөз. Жаңа қалада салынған құрылыстар: үлкен кітапхана, көрме залы, опера театры.

БӨЛУШІ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Сөйлем құрамындағы сөздер тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерден және оқшау желіде келген түрлі синтаксистік оралымдардан тұрады. Сөйлем құрылымын түзуші және оның предикаттық мазмұнын ұйымдастырушы негіз – тұрлаулы мүшелер. Алайда, сөйлем мазмұнын тек тұрлаулы мүшелер арқылы жеткізе беру мүмкін емес. Жалаң тұрлаулы мүшелер сөйлем мазмұнын түгел қамти алмайды. Сөйлем мазмұнының толықтығы тұрлаулы мүшелермен бірге тұрлаусыз мүшелердің қатысуын керек етеді. Тұрлаусыз мүшелер сөйлемдегі тұрлаулы мүшелерді және бірін-бірі анықтап, ондағы айтылмақ ойдың қажетті мәнін жеткізеді.

Осындай тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерден жасалған сөйлемдер тура желілі құрылымдар болып табылады. Тура желілі сөйлем мүшелері бір-біріне бағына байланысып, бір ғана синтаксистік байланыс желісін түзеді. Мұндай сөйлем мүшелерінің арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы: Біздің еліміз сәулетті болашағына алып адыммен бара жатыр. Қазақ жеріне тәуелсіздік келді. Бейбіт еңбек дабылы шырқай көтерілді.

Сөйлем мазмұнының толық болуы тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің қолданылуымен шектелмейді, бұлардың үстіне әр түрлі синтаксистік оралымдардың ұатыстырылуын қажет етеді. Атап айтқанда, жай сөйлем ішіне оқшау сөздер (қаратпа

сөз, қыстырма сөздер мен сөйлемдер, одағай сөз, жоқ, иә сөздері), сөйлемдегі оңашаланған мүшелер, басыңқы сөйлем ішінде қолданылған бағыныңқы сөйлемдер және төл сөздер жиі кірістіріліп отырады. Жай сөйлем ішіне кірістірілген мұндай синтаксистік категориялар сөйлемнің негізгі мүшелерімен (тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерімен) тікелей байланыспай, өз алдына сөйлемдегі синтаксистік байланыстың екінші (қосымша) желісін жасайды, жай сөйлемді күрделендіріп, сөйлем ішінде әр түрлі тыныс белгілерінің қолданылуына негіз болады. Аталған синтаксистік категориялардың қатысымен жасалған жай сөйлемдерді күрделенген сөйлемдер деп атасақ, ондай құрылымдарда қойылатын тыныс белгілерін **бөлуші тыныс белгілері** деп атаймыз.

Оқшау сөзді сөйлем құрылымдарында қойылатын бөлуші тыныс белгілері

Сөйлемде жиі қолданылатын синтаксистік категориялардың бір тобына оқшау сөздер (қаратпа сөздер, қыстырма сөздер мен қыстырма сөйлемдер, одағай сөздер және оқшау мәнде жұмсалған жоқ, иә сөздері) жатады. Аталған сөздердің кірістірілуімен мағынасы әр түрлі, құрылысы жағынан бір типтес күрделі сөйлем құрылымдары түзіледі.

Мұндағы үтірлердің дара және күрделі болып жұмсалуды оқшау сөздердің сөйлемдегі орын тәртібіне байланысты: оқшау сөз сөйлемнің алдында және

соңында келсе,- бір жағынан, сөйлем ортасында келсе, екі жағынан да үтірмен бөлінеді. Тура желілі сөйлемнің бір компонентіне қатысты түсіндірмелі сөйлем (немесе дербес мәнді сөздер мен сөз тіркестері) бөлуші жақша арқылы ерекшеленеді. Мысалы: Қазіргі жағдайларда, сірә, бригадаларды агрономдардың басқаруы тиімді болса керек. Дегенмен мен өкілдік жасаған бес болыстың қазақтары (көпшілігі кедей болатын) сол жылдың көктемінде мың десятинадай жерге егін септі. (С.Мұқанов)

Оңашаланған мүшелерге байланысты қойылатын бөлуші тыныс белгілері

Бөлуші тыныс белгілерін тудырушы синтаксистік категориялардың қазақ тілінде өнімді жұмсалатын бір тобына сөйлемнің тура желісінен тысқары қолданылатын оңашаланған мүшелер жатады.

Күрделі сөйлем ішінде жиі қолданылатын оңашаланған мүшелерді негізгі екі топқа бөліп қарастыруға болады: бірі – оңашаланған айқындауыштар, екіншісі – сөйлемдегі әр түрлі оңашаланған мүшелер.

Оңашаланған айқындауыштарға байланысты қойылатын бөлуші тыныс белгілері

Күрделі желілі сөйлем құрылымдарында оңашаланған айқындауыштардың мынадай негізгі түрлері кездеседі:

- 1) тұлғалас оңашаланған айқындауыштар,

- 2) атау тұлғанлы оңашаланған айқындауыштар,
- 3) бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар.

1. Тұлғалас оңашаланған айқындауыштар.
Бөлуші тыныс белгілерін тудырушы басқа синтаксистік оралымдар сияқты, тұлғалас оңашаланған айқындауыштар да сөйлемдегі синтаксистік байланыстың екінші желісін жасайды. Мысалы: Қой қырқу Асаубайдың ең сүйікті ісі болатын (М. Тиесов).

Бұл сөйлемдегі сөздер өзара бір-біріне бағына байланысу арқылы әр түрлі сөз тіркестерін жасайды да, белгілі сөйлем құрылымын түзеді. Берілген сөйлемде синтаксистік байланысқа (гипотаксис) түспей, тыс қалған бірде-бір сөз жоқ. Осыған орай, құрамындағы сөздерді өзара бір-біріне бағына байланысқан бұл типтес сөйлемдердің ішіне ешқандай тыныс белгісі қойылмайтынын байқау да қиын емес.

Қазақ тіліндегі сөйлем біткеннің бәрі бірдей тура желілі құрылымда келе бермейді. Мәселен, жоғарыдағы сөйлемнің бір мүшесін басқа сөздер арқылы қабаттап айтатын болсақ, берілген тура желілі сөйлем құрылымы өзгереді де, басқа бір жаңа сөйлем құрылымына айналады. Атап айтқанда, өзі қатысты мүшемен тұлғалас оңашаланған айқындауышы бар сөйлем құрылымы жасалады: Қой қырқу, әсіресе оны электрмен қырқу, Асаубайдың ең сүйікті ісі болатын.

Мысалдағы қарамен жазылған сөз топтары синтаксистік байланысқа түскен сөздердің тура желісін көрсетсе, қалған сөздер (әсіресе оны электрмен қырку) синтаксистік байланыстың екінші желісін жасайды.

Тұлғалас оңашаланған айқындауыштар сөйлемдегі орын тәртібі жағынан айқындалатын мүшелерден соң келеді. Тұлғалас оңашаланған айқындауыштар күрделі сөйлемнің тура желісіндегі айқындалатын мүшемен тұлғалас, кейде қызметтес болады. Сөйлемнің тура желісіндегі анықталатын мүше қандай тұлғада тұрса, оңашаланған айқындауыш та сондай тұлғада келеді. Демек, олар грамматикалық тәсілмен қиысады (үйлеседі). Бірақ бұл қиысу сөйлемдегі сөз байланыстарының тура желісіндегі бастауыш пен баяндауыштың жақ, шақ, сан жағынан қиысуы сияқты (предикаттық байланыс сияқты) емес, қиысудың басқаша түрін жасайды. Бірінде қиысушы сөздер өзара бір-бірімен бағына байланысса (паратаксис), бірінде екі тең компонент бір-бірін дәл қайталау арқылы үйлеседі.

Мұндай қиысушы сөздер (айқындалатын сөз бен айқындауыш) тек атау тұлғада емес, түрлі септік жалғауы арқылы немесе септелмейтін басқа сөздер тұлғасында да келе береді. Мысалы: Біздерге, ауыл еңбекшілеріне, мал азығын өнімді даярлау жүктеледі. Біз, білімді жас жеткіншектер, олардың осы тарихи ісіне көмекші боламыз. Мен саған өзімше, педагогша, айтамын.

Тұлғалас оңашаланған айқындауыштың сөйлем мүшелерімен байланысы аталған салалас қиысумен шектелмейді. Бір топ тұлғалас оңашаланған айқындауыштар айқындалатын сөздің қатысты мүшесімен де сабақтаса байланысады. Ал айқындалатын сөйлем мүшесімен жақтас емес тұлғалас оңашаланған айқындауыштар сөйлем мүшелерімен мұндай синтаксистік байланысқа түсе алмайды. Өйткені қазақ тіліндегі сөйлем құрылымдарында айқындалатын сөздер үш жақтың бірінде жұмсалса, оларға қатысты соңғы орынды тұлғалас оңашаланған айқындауыштар тек III жақта ғана айтылады. Мысалы: Ол, кешегі жас жұмысшы, бүгін инженер болды. Сендер, жас мамандар, тәжірибеден өтуге барасындар. Мен, автобус жүргізушісі, халық үшін қызмет етемін.

Берілген мысалдарда тек соңғы сөйлемдегі айқындалушы мүше III жақта келген. Сондықтан да мұндағы оңашаланған айқындауыш тура желілі сөйлем мүшесімен (баяндауышпен), айқындалатын сөз (бастауыш) сияқты байланыса алады. Ал алдыңғы екі сөйлемдегі айқындауыштар сөйлем мүшелерімен байланыса алмайды, өйткені олар айқындалушы сөздермен жақтас емес.

Айқындалушы сөйлем мүшесі мен оңашаланған айқындауыштардың табыс, шығыс, барыс, жатыс және көмектес септіктеріне түрленуіндегі қарым-қатысы мүлде басқаша. Атап айтқанда, айқындалушы сөйлем мүшесі де, тұлғалас оңашаланған айқындауыш

та таалған септік жалғауларын бірдей қабылдап қана қоймайды, соныменқатар олардың жақтық айырмашылықтары да жойылады. Осыған орай, ондай септік жалғауын қабылдаған тура желідегі айқындалушы сөз де, екінші желідегі тұлғалас оңашаланған айқындауыш та сөйлемдегі бір сөзбен бірдей дәрежеде меңгеріле байланысады. Мысалы: біздерге, ауыл еңбекшілеріне, зор міндеттер жүктеледі. Біздерді, ауыл еңбекшілерін, зор міндеттер күтеді т.б.

Берілген мысалдағы сөз болып отырған компоненттердің байланысы мынадай:

1) Біздерге жүктеледі. 2) Ауыл еңбекшілеріне жүктеледі.

1) Біздерді күтеді. 2) Ауыл еңбекшілерін күтеді.

Демек, барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік тұлғалы оңашаланған айқындауыштар айқындалушы сөздің қайталамасы ретінде, дәл сондай тұрғыда сөйлемнің тура желілі мүшесімен байланысады.

I, II жақтағы айқындалушы сөз бен оңашаланған айқындауыш сөз ілік септігінде жұмсалса, сөйлемдегі оларға қатысты мүше тәуелдік тұлғада келеді де, оның алдыңғы ілік септігіндегі, сонымен қатар әр түрлі жақтағы екі компоненттің қайсысына қатысты болуы сөйлеу тәжірибесінде қиындай түседі. Мысалы, мына сияқты сөйлемдерді екі түрлі етіп айтуға болады: 1) Менің, қатардағы қойшының, еңбегім

жоғары бағаланады. 2) Менің, қатардағы қойшының, еңбегі жоғары бағаланады.

Сөйлеу тәжірибесінде мұның біріншісінен гөрі (грамматикалық дұрыс түрінен гөрі) екіншісі (грамматикалық теріс түрі) жиі қолданылады.

I, II жақтағы және ілік септік жалғауындағы сөйлем мүшесін айқындайтын оңашаланған айқындауыштардың айқындалушы мүшеге қатысты сөзбен байланыса алмауы аталған компоненттердің әр түрлі синтаксистік қызметте жұмсалатындығын көрсетеді. Тұлғалас оңашаланған айқындауыштар сөйлем мүшелерін ғана емес, сонымен қатар сөйлем құрамындағы әр алуан компоненттерді (оқшау сөздерді, айқындауыш мүшелерді, тағы басқа оралымдарды) айқындай береді. Мысалы: - Әй, бала, кішкене бала, сен неге сөйлемейсің? Біздерді, студенттерді, білімді жастарды, болашақтың зор міндеттері күтеді.

Тұлғалас оңашаланған айқындауыштар тура желілі сөйлем мүшелерінен бөлуші тыныс белгілері арқылы ерекшеленеді. Ондай тыныс белгілері – үтір мен сызықша (екі жақты).

Екі жақты үтір арқылы жеке сөзден, сөз тіркестерінен және сөйлемнен жасалған тұлғалас оңашаланған айқындауыштар сөйлемнің тура желісінен бөлініп көрсетіледі. Мысалы: Біздер, жастар, өмірге әрқашан да байсалдылықпен қараймыз. Осыдан екі жал бұрын, Жарлықөл басындағы

оқиғадан кейін, Сұлтанмахмұт Семейге оқуға жүріп кетті. (С.Бегалин)

Құрамында өзара үтір арқылы ажыратылған бірыңғай немесе әр түрлі компоненттері бар тұлғалас оңашаланған айқындауыштарды сөйлемнің предикаттық тура желісінен сызықша арқылы бөліп көрсету қолайлы. Мысалы: Қазіргі заманғы химияның қол жеткен жетістіктері тамақтың синтетикалық түрлерін – яғни өсімдіктен, жануарлардан алынбайтын, химиялық жолдармен жасалатын түрлерін – көптеп жасауға әлі де болса мүмкіндік бере алмайды. Абайға таңдатса, анау Ербол – қызыл өгізге мініп, тасқын судан Абай үшін өтіп келген Ербол – аспанда тұрғандай жоғары еді. (М.Әуезов)

2. Атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар және оларға байланысты қойылатын бөлуші сызықша.

Қазіргі қазақ тілінде тұлғалас оңашаланған айқындауыштармен қатар, сондай дәрежеде жиі қолданылатын атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар да бар. Атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар тұлғалас оңашаланған айқындауыштар сияқты сөйлемнің тура желісіндегі сөздерге синтаксистік байланыстың екінші желісі арқылы қатысады. Мұндай айқындауыштар көбінесе тәуелденген атау тұлғада көрінеді де, өзінің айқындайтын сөзімен тікелей қатар келіп, онымен қосарлана жұмсалады. Мысалы: Осы кеңшардағы оның досы – Смағұловпен кездестім.

Республикамыздың сүйікті, сұлу қаласында – күн жанарлы Алматыда тұрып, асқақ Алатаудың таң ғажайып бейнесіне тамсанбай, таңданбай тұра алмаймыз.

Атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар мерекелік саяси ұрандарда өте жиі қолданылады. Мысалы: Адамзаттың жарқын болашағы – бейбітшілік жасасын! Қазақстан астанасы – Астанада салтанатты жиналыстар болып өтті.

Мысалдағы негізгі предикаттық сөйлем желілері (қарамен жазылған тізбектер)

а) бейбітшілік жасасын!

ә) Астанада салтанатты жиналыстар болып өтті.

сөздердің өзара бір емес, екі түрлі синтаксистік байланыс желісі арқылы берілетіндігін аңғартады; қалған сөздердің (адамзаттың жарқын болашағы, қазақстан астанасы) атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар екенін дәлелдейді.

Берілген мысалдардан атау тұлғалы оңашаланған айқындауыш қатысты сөйлем құрылымдарында да тура желілі негізгі сөйлемдер мен синтаксистік байланыстың екінші желісінде келген дубликат сөйлем мүшелері – оңашаланған айқындауыштар бар екенін көріп отырмыз. Айырмасы – тұлғалас оңашаланған айқындауыштар айқындалатын сөздерден соң орналасып, онымен грамматикалық бір тұлғада келсе, атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар өзінің айқындайтын сөзінен бұрын келіп, онымен тұлғалас болмайды.

Атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар көбінесе тәуелденген атау тұлғада көрінеді. Бұл факт атау тұлғалы оңашаланған айқындауыш пен айқындалатын сөз арасындағы негізгі ерекшелікті белгілейді. Атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштарған тән бір қасиет – бұлар өзінің айқындайтын сөзімен тікелей қатар келіп, олармен қосарлана жұмсалады. Басқаша айтқанда, атау тұлғалы оңашаланған айқындауыш пен айқындалатын сөйлем мүшесінің арасына басқа сөз қойып айтуға болмайды. Мұндай қосарлану қасиеті атау тұлғалы оңашаланған айқындауышқа байланысты бір ғана бөлуші тыныс белгісін (сызықша) қоюды қажет етеді.

Атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар айқындалушы сөйлем мүшелерінен сызықша арқылы бөлініп жазылады.

3. Бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар және оларға байланысты қойылатын бөлуші тыныс белгілері.

Қазақ тіліндегі бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар да, тұлғалас оңашаланған айқындауыштар мен атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар сияқты күрделі сөйлем жасауда өте өнімді қолданылатын, өзіндік ерекшелігі бар синтаксистік оралымдардың бірі болып табылады.

Бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланаған айқындауыш сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің шегін ажырату мәселесімен тікелей байланысты қарастыруды қажет етеді. Объективтік шындықтағы

ұғымдардың көлеміне қарай, сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді соза беруге болар еді (Мысалы: алма, жүзім, шие... өнімді мол берді), алайда тіл-тілдегі сөйлем жүйесі ондай созылыңқылықты көтермейді. Ойға қатысты заттар мен құбылыс атауларының негізгілері аталып, қалғандары грамматикалық жинақтаушы тұлғалар арқылы қамтылады. Мұндай грамматикалық тәсілдер сөйлем құрамын жүйелеп, ой мазмұнын ықшам да толық жеткізуді қамтамасыз ете алады. Демек, бірыңғай мүшелердің сөйлем құрамындағы саны грамматикалық белгілі тұлғалар арқылы шектеледі. Қазақ тіліндегі аталған қызметте жұмсалатын грамматикалық тұлғалардың негізгі түрлері мыналар:

Мен, бен, пен, да, де, та, те, және, әрі сияқты ыңғайластық жалғаулықтар; көптік жалғаулары (-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер); тәуелденген жинақтық сан есімдер (үшеу, төртеу, бесеу, алтау); тек, қана (тек қана) демеуліктері; мезгіл үстеулері (қазір, бүгін, биыл); тағы басқа, осы сияқты деген жинақтаушы сөздермен қабат қолданылған есім сөздерден жасалған жалпылауыш сөздер т.б.

Оларды екі топқа бөлуге болады: бірі – **жалпылауыш сөздер**, екіншісі – жалпылауыш сөздерден басқа грамматикалық тұлғалар. Жалпылауыш сөздерден басқа бірыңғай мүшелерді жинақтаушы грамматикалық тұлғалар сөйлемнің тура желісін өзгертпейді. Мұндай жағдайда бірыңғай сөздер сөйлемде бірыңғай мүшелер болып қызмет

атқарады. Ал сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді жинақтаушы жалпылауыш сөздер сөйлемнің тура желісінде жұмсалып, бірыңғай мүшелерді екінші желіге ығыстырады. Осындай жағдайда бірыңғай мүшелер сөйлемдегі жалпылауыш сөзден болған тура желілі сөйлем мүшесіне қатысты оңашаланған айқындауыш қызметінде жұмсалатын болады. Мұндай оралымдарды бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар дейміз.

Бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар күрделі сөйлем жасаушы басқа кірістірмелі оралымдар сияқты, сөйлемнің тура желісінен тыс синтаксистік екінші желіде жұмсалады. Тура желілі бір сөйлемде қабаттаса жұмсалатын екі сөйлем мүшесінің болмайтынын ескерсек, жалпылауыш сөз бен бірыңғай мүшелер қатар қолданылғанда, жалпылауыш сөз әр уақытта тура желілі сөйлем мүшесі болып, бірыңғай мүшелердің оңашаланған айқындауыш қызметіне көшетінін айқын байқаймыз.

Бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар сөйлемдегі жалпылауыш сөзді айқындайды. Жалпылауыш сөздің орын тәртібіне қарай, бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар екіге бөлінеді:

1. Айқындалушы сөзден бұрын келген бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар:

Біздің елімізде жер, су, кен байлығы, фабрика, зауыттар – бәрі халықтың қолында. Кемелер,

автомобильдер, темір жолдар – барлығы металдан жасалады. Қарашашты Елеусіз, Лиза, Шынар – үшеуі әуежайға шығарып салды.

2. Айқындалушы сөзден соң келген бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар:

Бұл дүкенде түрлі жемістердің алманың, жүзімнің, шиенің, өріктің – шырындары сатылады. Қазірше белоктар тек тірі ағзаларда: жануарларда, өсімдіктерде, микроағзаларда – болады.

Берілген сөйлемдегі бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар жай шрифтімен, ал тура желілі сөйлемдер қарамен көрсетілді. Бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштарды алып тастағанда тура желілі сөйлем сақталады да, оның предикаттық қасиеті жойылмайды. Бұл жалпылауыш сөз қатысты құрылымдардағы аталған ыңғайлас компоненттердің тура желілі бірыңғай сөйлем мүшесі емес, екінші желіде келген оңашаланған айқындауыштар екенін дәлелдейді.

Бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыш құрамындағы бірыңғай сөздер жекеше үш жақта келген сөздер болса, сөйлем мүшесі болған айқындалушы жалпылауыш сөз көпше бірінші жақта тұрады; айқындауыш компоненттегі бірыңғай сөздер екінші және үшінші жақта келсе, сөйлем мүшесі болған айқындалушы жалпылауыш сөз көпше екінші жақта тұрады; ал айқындалушы компоненттегі бірыңғай сөздер үшінші жақта келсе, айқындалушы

жалпылауыш сөзден болған мүше үшінші жақта тұрады.

Қазақ тіліндегі оңашаланған айқындауыштар сөйлем құрамындағы түрлі мүшелерді айқындап, онымен қабаттаса қолданылуға тым икем синтаксистік категория болып табылады. Сондықтан бұлардың қатысымен түзілетін сөйлем құрылымдарының түр-түрі өте көп болуы ықтимал. Осындай категориялардың бірі – айқындалатын сөзден бұрын келген бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштардың қазақ тілінде өнімді қолданылатын **негізгі үш түрін** сөз етуге болады:

Біріншісі – жалпылау есімдігіне қатысты бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыш. Мұндай сөйлем құрылымдарындағы айқындаушы компонент зат есім немесе субстантивтенген есім сөздерден жасалған бірыңғай сөздерден түзіледі; ал айқындалушы компонент тәуелденген жалпылау есімдігінен жасалады. Мысалы: Алма, шие, жүзім – **бәрі** бақта өседі.

Екіншісі – жинақтық сан есімге қатысты бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыш. Мұндай сөйлем құрылымдарындағы айқындаушы компонент бірыңғай жұмсалған жіктеу есімдіктерінен, кісі аттарын білдіретін жалқы есімдердің санамалануынан немесе олардың аралас қолданылуынан жасалады; ал айқындалушы компонент тәуелденген жинақтық сан есімнен болады. Мысалы: мен, сен, Досан – **үшеуіміз** бір

курста оқимыз. Мағаш, кәкітай, Мұқа – үшеуі салт атпен Семейге қарай аттанды (М.Әуезов).

Үшіншісі – қысқасы, бір сөзбен айтқанда, не керек, әйтеуір сияқты жинақтаушы қыстырма сөздердің қатысымен жұмсалған есім сөздерден болатын жалпылауыш сөзге қатысты бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыш. Мысалы: Мәдениет сарайына жұмысшы жастар, студенттер, оқушылар – бір сөзбен айтқанда, кілең жастар жиналды. Биыл бидайдың, арпаның сұлының, тарының – қысқасы, дәнді дақылдардың өнімі мол болды.

Бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштардың алдыңғы екі түріне тән нәрсе – мұндай оңашаланған айқындауыштар тура желілі сөйлемдегі жалпылауыш сөзден жасалған бастауышты, анықтауышты, толықтауышты және баяндауышты ғана айқындап, пысықтауышқа қатыссыз болады. Бұл жағдай аталған сөйлем құрылымдарына жұмсалатын жалпылауыш сөздердің атқаратын синтаксистік қызметіне байланысты сияқты.

Айқындалушы сөзден соң келген бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштар тура желілі сөйлем ортасында жұмсалады. Аталған сөйлем құрылымдарындағы айқындалушы мүше зат есім немесе зат есім мағынасында жұмсалған есімдерден болған жалпылауыш сөзден жасалады да, айқындаушы мүше өзара тұлғалас, дәрежелес

бірыңғай есім сөздерден түзіледі. Мысалы: **Ықтап қорғалған малдар**: жылқылар, қойлар, сиыр, түйелер – алқаптың ортасында отырған төрт-бес ауылдың артындағы жалпақ қалың қарағанда жайылып жүр. (С. Сейфуллин)

Айқындалушы сөзден бұрын келген бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыш жалпылауыш сөзден болған айқындалушы тура желілі сөйлем мүшесімен түсіндірмелі-жалпылама (индуктивті-дедуктивтік) қатынаста жұмсалады. Бұл жағдай аталған синтаксистік категорияның сөйлемнің тура желісінен бөлуші сызықша арқылы ерекшеленуін керек етеді. Мұндай сызықша түсіндірмелі-жалпылама қатынасты көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар сөйлемнің синтаксистік құрылым өзгешеліктерін де, ондағы интонациялық ерекшеліктерді де айқын көрсете алады.

Айқындалатын сөзден соң келген бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыш жалпылауыш сөзден болған айқындалушы тура желілі сөйлем мүшесімен жалпылама-түсіндірмелі қатынаста жұмсалады. Мұндай қатынас аталған синтаксистік категорияның сөйлемдегі жалпылауыш сөзден жасалған айқындалушы компоненттен қос нүкте арқылы бөлінуін қажет етеді. Сөйлем ішінде келген мұндай бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауышты сөйлемнің тура желісінен бөліп көрсету үшін қос нүкте жеткіліксіз, сондықтан ондай оралымның екінші жағынан бөлуші сызықша

қойылады. Демек, аталған сөйлем құрылымдарындағы оңашаланған айқындауышты сөйлемнің тура желісінен ерекшеліктін тыныс белгілері екі жақты болып келеді. Атап айтқанда, мұндай синтаксистік оралымның алдынан – бөлуші қос нүкте, соңынан бөлуші сызықша қойылады (мысалдар жоғарыда берілді). Аталған бөлуші тыныс белгілері құрмаласушы сөйлемдер арасындағы жалпылама-түсіндірмелі қатынасты белгілеп қана қоймайды, берілген сөйлемнің синтаксистік құрылым өзгешеліктері мен оған тән интонациялық ерекшеліктерін де айқын көрсете алады.

Сөйлемдегі әр түрлі оңашаланған мүшелер және оларға байланысты қойылатын бөлуші тыныс белгілері

Қазақ тілінде оңашаланған сөйлем мүшелері жоғарыда сөз болған оңашаланған айқындауыштармен шектелмейді. Сөйлем ішіне кірістірілген синтаксистік оралымдар көп. Оларды әр түрлі оңашаланған мүшелер дейміз.

Сөйлемдегі әр түрлі оңашаланған мүшелердің бәріне тән қасиет – аталған синтаксистік категорияларға ол есімдігін қосып айта беруге болады. Бұл жағдай аталған оралымдардың предикаттануына мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, олар мұндай жағдайда оңашаланған мүше болудан қалып, өз алдына дербес сөйлем болып кетеді. Басқа бір қасиеті – бұлардың қай-қайсысы болса да белгілі синтаксистік құрылымдардың

ерекшеленген варианттары ретінде көрінеді. Былайша айтқанда, бір құрылымның өзгешеленген түрі, қалдық мүшесі болады. Аталған ерекшеліктерді төменде, әр түрлі оңашаланған мүшелерді жеке сөз ету барысында, байқауға болады.

1. Бірыңғай алшақ оңашаланған мүшелер және оларға байланысты қойылатын бөлуші қос нүкте.

Осы сияқты құрылымдардағы бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштардың кейде өзі қатысты сөздің соңынан тікелей орналаспай, сөйлем біткен соң, оңаша санамаланып айтылуы мүмкін. Мысалы: Студенттердің көмегімен мынадай жұмыстар: спорт алаңын жөндеу, аулаға гүл отырғызу, төлге күтім жасау – орындалды.

Студенттердің көмегімен мынадай жұмыстар орындалды:

- а) спорт алаңын жөндеу,
- ә) аулаға гүл отырғызу,
- б) төлге күтім жасау.

Сөз болып отырған синтаксистік категориялар екі сөйлемде екі түрлі орында келіп, әр түрлі стильдік, интонациялық, мағыналық, құрылымдық өзгешеліктермен ерекшеленеді. Осыған орай, аталған сөйлемдердің тыныс белгілері де әр түрлі: кірістірілген оралым бірінші сөйлемде тура желілі сөйлем құрылымынан қос нүкте мен сызықша арқылы бөлініп көрсетілсе, екінші сөйлемде тек қос нүктемен

бөлуді қажет етеді. Сондықтан бұл категорияны бірыңғай мүшелерден жасалған оңашаланған айқындауыштан ажыратып, бірыңғай алшақ оңашаланған мүшелер деп қарастырамыз.

Бірыңғай алшақ оңашаланған мүшелердің соңғы сөздері көбінесе тұйық етістіктен болып, олар өз алдына дербес сөйлем жасай алмайды. Бұларды сөйлем етіп қолдану үшін ондағы тұйық етістіктерді ашық рай тұлғаларымен түрлендіру (предикаттандыру) қажет болады. Ондай құрылымда іліктес салалас (кейде, байланыс түріне қарай, аралас құрмалас сөйлем) болады. Мысалы: Студенттер көмегімен мынадай жұмыстар орындалды: спорт алаңы жөнделді, аулаға гүл отырғызылды, олар төлге күтім жсады.

2. Болжалды санама оңашаланған мүшелер және оларға байланысты қойылатын бөлуші сызықша

Болжалды санама оңашаланған мүшелі сөйлем құрылымдары өзара бір-бірімен түсіндірмелі-жалпылама қатынаста жұмсалған екі компоненттен тұрады. Жалпылама компонент өз алдына дербес сөйлем болады да, түсіндірмелі компонент өздігінен жеке сөйлем бола алмайтын (предикаттанбаған) сұраулық шылаулар қатысты болжал мәнді санама түсіндірмелі қызмет атқарады. Бұлар екінші синтаксистік желіде келіп, тура желідегі сөйлем мүшелерінен оқшау қолданылады. Сондықтан бұларды болжалды санама оңашаланған мүшелер

дейміз. Болжалды санама оңашаланған мүшелер көбінесе сөйлем алдында қолданылады. Мысалы: Құлаған көшкін бе, гүлдеген өзен бе – бір сарын естіледі. (Ғ. Сланов) мал ма, адам ба – алыстан қараңдаған бір нәрсе көрінеді. (С. Сейфуллин).

Бұл мысалдардан болжалды санама оңашаланған мүшелердің өз алдына сөйлем бола алмайтынын (предикаттанбаған) жеке сөздер мен сөз тіркестерінен жасалатынын анық байқауға болады. Сондықтан аталған құрылымды оңашаланған сөйлем мүшесі бар жеке синтаксистік құрылым ретінде танимыз.

Алайда болжалды санама оңашаланған мүшелерге **ол** есімдігінен болған бастауышты қосып, оны сөйлем ретінде қолдануға болады. Ондай бастауыш бар болса, аталған құрылым құрмалас сөйлемге айналады.

Болжалды санама оңашаланған мүшелер сөйлемнің тура желісінен бөлуші сызықша арқылы ерекшеленеді. Ал бұған тұлғалас ілікте салалас құрмалас сөйлемдегі болжалды санама түсіндірмелі компоненттер мен түсіндірілуші компоненттердің арасы ажыратушы сызықшамен белгіленеді.

3. Айқындалушы оңашаланған мүшелер және оларға байланысты қойылатын бөлуші сызықша

Айқындалушы оңашаланған мүшелердің қатысымен жасалатын сөйлем құрылымдары да қос компонентті болып қолданылады. Мұндай күрделі

сөйлем құрылымдағы алдыңғы сыңар соңғы сөзі атау тұлғадағы (көбінесе тәуелдік жалғаулы) предикаттанбаған арнайы сөз тіркестерінен жасалады да, өз алдына сөйлем жасай алмайды. Оның мәні соңғы компонент арқылы ашылатын болады. Ал соңғы сыңар әрқашан өз алдына дербес сөйлем ретінде жұмсалып, алдыңғы сыңардың мазмұнын айқындап, түсіндіріп тұрады. Мысалы: Халық жұмбақтарының бір ерекшелігі – онда заттың барлық белгілері тізбектеліп жатпайды. Надандықтың белгісі – еш ақылға жарымас (Ы.Алтынсарин). Бір қуанарлық жағдай – аталған жұмыстар қоғамдық орындармен бірлесе отырып істеледі.

Сөз болып отырған синтаксистік категорияның **сол, сонша, соншалық, сондай** сөздері қатысты іліктес салалас құрмалас сөйлемдердің ықшамдалуы нәтижесінде оңашаланып қалған қалдық мүше екенін байқаймыз. Шынында, мұндай айқындалушы оңашаланған мүшелердің бастапқы ықшамдалмаған толық түрі аталған іліктес салалас құрмалас сөйлемнің алдыңғы компоненті болып табылады. Сондықтан айқындалушы оңашаланған мүшені сол, сонша, сондай, соншалық сөздерін қосып айту арқылы сөйлем ретінде қайта жаңғыртуға болады.

Алайда бұл екі түрлі синтаксистік құрылымдарды бір қатарға қоюға болмайды. өйткені оның бірі предикаттанбаған сөз тіркестері ретінде қолданылса, екінші тұрлаулы мүшелері түгел қатысқан (баяндауышы сол, сонша... сөздерінен

болған) дербес сөйлем болып жұмсалады. Сондықтан осындай күрделі сөйлем құрамындағы өз алдына жеке алғанда сөйлем бола алмайтын, мазмұны тұтас сөйлеммен айқындалатын, сол, сонша... сөздерінсіз айтылған қалдық оқшау мүшені бұл тұлғалас іліктес салалас құрмалас сөйлемдерден бөлек қарастырып, оларды айқындалушы оңашаланған мүшелер деп атаймыз. Айқындалушы оңашаланған мүшелердің сөйлемдегі орны біршама тұрақты болып келеді. Олар көбінесе алғы орында жұмсалады.

Айқындалушы оңашаланған мүше өзі қатысты сөйлемнің тура желісінен бөлуші сызықша арқылы ерекшеленіп көрсетіледі.

4. Салыстырмалы оңашаланған мүшелер және оларға байланысты қойылатын бөлуші үтірлер

Салыстырмалы оңашаланған мүшелер **сияқты, тәрізді, ұқсас, сықылды, -дай/-дей, -тай/-тей** жұрнағын қабылдаған сөздердің қатысымен жасалады. Мысалы: Күз кезінде ала тышқандар, басқа кемірушілер сияқты, қысқы азығын әзірлеп алады. өзге балалар сияқты, бұл да сәнді киінген. Аяғына кинегі де, басқа киімдері сияқты, жап-жаңа. Бекет, құр атқа мінгендей, тіпті түрленіп кетті (Р. Тоқтаров).

Мұндай синтаксистік оралымдар тура желілі сөйлем мүшелерімен байланыспайды, күрделі сөйлем құрамында оқшау жұмсалады да, тура желілі сөйлемдегі ойдың күшейтпелі салыстырмасы ретінде қолданылады. Салыстырмалы оңашаланған мүше өзі

катысты сөйлемдегі іс-әрекеттің жекелеген нәтижесі емес, жалпы құбылыстың бөлшегі екендігін көрсетеді. Сондықтан ондай сөйлем құрылымдарында *да, де, та, те* күшейтпелі дмеуліктер де қолданыла береді.

Салыстырмалы оңашаланған мүшелер, орын тәртібіне қарай, сөйлемнің тура желісінен үтір арқылы бөлініп көрсетіледі (жоғарғы мысалдарды қараңыз).

5. Себеп мәнді оңашаланған мүшелер және оларға байланысты қойылатын бөлуші үтірлер

Мұндай синтаксистік категориялар өзінің интонациялық жағынан да, кірістірмелі мағыансы жағынан да өзгеше ерекшеленеді. Сонымен қатар, олар, көбінесе, үш жақтың бәріне тән біркелкі тұлғадан қолданылады. Бұл ерекшеліктер оның тура желілі сөйлем ішіне кірістірілген синтаксистік оралым екенін білдіреді. Сондықтан оларды жай сөйлемнің күрделі мүшесі немесе құрмаластағы бағыныңқы сөйлем деп танымай, себеп мәнді оңашаланған мүшелер деп қарастырған мақұл.

Себеп мәнді оңашаланған мүшелер көбінесе – дықтан, -діктен, -тықтан, -тіктен жұрнақты есімшенің немесе басқа тұлғалардың қатысымен жасалып, сөйлемдегі тұрған орынан қарай, сөйлемнің тура желісінен үтірмен бөлініп жазылады. Мысалы: Абай мен Ербол, бұл өңірде қыс жүріп көрмегендіктен, жол бастауды Шәкенге тапсырды (М.Әуезов). Ол есептерді шығармай барғандықтан, мұғалімнен бірінші рет сөз де естідім (М.Иманжанов). Сүңгірбай,

қонақтың түрін көре алмағандықтан, тесіктен басын қылтита қойды (З. Шашкин). Әшірбек Қалмақанов, ашық шахтаға ауысқандықтан, біздің шахтаның қызметінен босатылады (Ғ. Мұст.).

6. Қарсы мәнді оңашаланған мүшелер және оларға байланысты қойылатын бөлуші үтірлер

Қазақ тілінде, себеп мәнді оңашаланған мүшелер сияқты, қарсы мәнді оңашаланған мүшелер де жиі қолданылады.

Қарсы мәнді оңашаланған мүшелер мынадай тұлғалар арқылы жасалады да, орын тәртібіне қарай, үтірмен бөлінеді:

а) *Емес* болымсыз етістігінің қатысымен: Жалғыз Бекет емес, бар бала сөйтеді. Мәликені емес, Мәликемен өткен күндерді сағынған (Р. Тоқтаров). Ол Астанада емес, Петропавлда оқиды.

ә) *са* тұлғалы етістіктен кейін *да, де, та, те* шылауларының қатысымен: Бекет бұл ойды, басында ерсі көрсе де, артынан ұнатты. Арын, қанша түйсіксіз болса да, соны сезіп, дөңгелек тоқаштар әкеліпті. Дағарадай үлкен терезелері, қақпасыз болса да, сәнді (Р.Тоқтаров).

б) *–ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақты есімшеге *мен* қосымшасы қосылуы арқылы: Бекет, қанша ұйып тыңдағанмен, әңгіме желісін толық түсіне алмады (Р. Тоқтаров).

в) барыс септігіндегі тәуелденген сөзден соң қарамай, санаспай сияқты болымсыз етістік келу

арқылы: Үйдегілер Бекетті, әлсіз қарсылығына карамай, тысқа алып шықты (Р.Токтаров).

Құрмалас сөйлем компоненті ішінде жұмсалған бағыныңқы сөйлемді бөлуші тыныс белгілері

Кейде сабақтас немесе аралас құрмалас сөйлем құрамында келген бағыныңқы сөйлем ондағы бір компоненттің ішінде қолданылады. Мұндай құрылымдағы кірістірілген бағыныңқы сөйлемнің екі жағынан да бөлуші тыныс белгілері қойылады. Бұл арқылы кірістірілген компоненттің де, бағыныңқы сөйлеммен бөле жарылған компоненттің де синтаксистік желісі айқындалатын болады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдегі басыңқы сөйлемнің ішіне кірістірілген бағыныңқы компоненттің екі жағынан да бөлуші үтір қойылады.

Бізге теңіз жағалары, тұман басылған соң, көріне бастады. Пленканың эмульсиясы, температура жоғарылаған сайын, күңгірттеніп кетеді. Ақ бұзау, Бекет ұйықтап қалғанда, иіскелеп оятып алады.

Қазақ тілінде жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдегі соңғы компоненттің ішіне, яғни жалғаулықты салалас сыңардың ішіне, бағыныңқы сөйлем кірістіріліп айтылуы да аралас құрмалас сөйлемдердің жасалуы мүмкін. Мұндай аралас құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықты компонент ішіне кірістірілген бағыныңқы сөйлемнің алдынан – бөлуші сызықша, соңынан бөлуші үтір қойылады.

Мысалы: Кітап өте қажет еді, сондықтан оның бірнешеуін – сатушы қыз келісімен, сатып алдым. Терезе алдында айнала шыныланған кең террас, сондықтан бұл бөлмеде – шам жақпаса, күндіз де кітап оқуға, қағаз жазуға қиын (С.Мұқанов).

Мұндай сызықшаның орнына үтір қоюға да болар еді, бірақ ондай жағдайда сөйлемдегі үтірлердің саны көбейіп, берілген құрылымның тыныс белгілері арқылы бөлшектенуші компоненттердің жігін ажырату қиындайды. Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің көп функциялығын ескерсек, аталған сызықшаның қолданылуы берілген сөйлемнің синтаксистік құрылымын, мағыналық және интонациялық ерекшеліктерін айқындауға толық мүмкіндік жасайды.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің ішіне кірістірілген бағыныңқы сөйлем тұтас сөйлемге қатысты болмай, ондағы бір мүшеге ғана қатысты болса, онда ол сол мүшенің оңашаланған айқындауышы ретінде жұмсалатын болады. Мұндай бағыныңқы сөйлемнен жасалған оңашаланған айқындауышы бар синтаксистік құрылымдар жай сөйлем емес, құрмалас сөйлем болып табылады. Мысалы: Кешке жақын, олар жұмыстан келген соң, бәріміз киноға бардық. Абай түсіндірген соң, Ержан мен Зейнеп үндемей қалысты (М.Әуезов).

Төл сөзді бөлуші тыныс белгілері

Төл сөзге бұрынды-соң беріліп жүрген анықтамалардың мазмұны оның тек бөгде сөзден жасалуымен ғана шектеледі. Ондай анықтамалар мына тұрғыда беріледі: «Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін бұлжытпай қолданса, ол төл сөз болады».

Алайда мұндай тұжырым, сөйлеушінің кейде өз сөзін де төл сөз ретінде қолдана беретінін ескерсек, тақырып мазмұнын толық қамти алмайтын болып шығады. Шынында, сөйлеушінің тыңдаушыға басқа біреудің сөзін ғана емес, өз сөзін де бұлжытпай байымдауы мүмкін. Демек, төл сөз бөгде сөзден ғана емес, айтушының өз сөзі арқылы да жасалады. Мысалы: Мен оған бір қарап алдым да: «Есен, біз өлуге емес, жауынгерлік тапсырманы орындауға бара жатқан жоқпыз ба?» - дедім. «Иә, ол – Кеңес Одағының Батыры», - деді.

Төл сөздер тура желілі сөйлем ішіне жиі кірістірілетін синтаксистік оралымдар қатарына жатады. Сондықтан бұларға байланысты қойылатын тыныс белгілері бөлуші қызмет атқарады.

Аталған синтаксистік категорияны сөйлемнің тура желісінен бөліп көрсетуші тыныс белгілерінің жазу тәжірибесінде тұрақтап қалыптасқан мынадай ерекшеліктері байқалады:

1) Төл сөзге байланысты қойылатын бөлуші тыныс белгілері монологты мәтінде үнемі қабаттаса

қолданылады. Атап айтқанда, мұндай төл сөздер өзі қатысты сөйлемнің тура желісінен тек тырнақша арқылы ғана бөлініп қоймайды, сонымен қатар, төл сөз сөйлем ішінде келсе, оның алдынан – қос нүкте, соңынан сызықша қойылады; төл сөз сөйлемнің алдында жұмсалса, одан кейін – сызықша, соңында тұрса, алдынан қос нүкте қойылады.

2) Әдетте, төл сөзден жасалған сұраулы, лепті сөйлемдерден соң іштей сұрау белгісі мен леп белгісі қойылады да, хабарлы сөйлем ретінде жұмсалған төл сөзден соң нүкте қойылмайды. (Шынында, хабарлы сөйлемнен жасалған төл сөзден соң іштей нүкте қойылуға тиіс.) Бұған қарағанда, төл сөзден жасалған сөйлемдерден соң қойылатын ішкі тыныс белгілерін сақтамайтынын көреміз. Ал сұрау және леп белгілері аталған оралымның сөйлем екенін білдіру үшін жұмсалған белгі емес, ондағы сұрау, леп мағыналарын көрсету үшін қойылып жүр. Сондықтан төл сөзден жасалған сұраулы және лепті сөйлемдерден кейін іштей қойылатын аталған тыныс белгілері мәтіндегі бір сөйлем мен екінші сөйлемнің шекарасын көрсету үшін қолданылатын әдеттегі ажыратушы тыныс белгілерінің қызметін атқара алмайды.

3) Хабарлы сөйлем ретінде қолданылған төл сөзден кейін (тырнақшадан соң), әдетте, үтір қойылады. Хабарлы сөйлем болуымен байланысты ма, әлде оны сөйлемнің тура желісінен бөліп

көрсетуге байланысты ма – ол жағы зерттеуді керек етеді.

Төл сөзге байланысты қойылатын тыныс белгілері пунктуациялық ережелерде тұрақты қалыптасқан дәстүрлік таңбалар болып табылады. Алайда қазіргі жазу тәжірибесінде, әсіресе ағынды баспасөзде, монологты төл сөзге байланысты қойылатын тыныс белгілерінің дәстүрі үнемі сақтала бермейтінін көреміз: бірде олар тек тырнақшаға ғана алынып жүр, ал кейде қос нүкте мен сызықша арасында беріледі. Бқл жағдай, әрине, төл сөзді бөлуші дәстүрлік тыныс белгілерінің аталған жүйесіздіктеріне байланысты.

Қазіргі жазу тәжірибесінде, әсіресе көркем әдебиеттерде, өте жиі қолданылатын төл сөздер – диалогты төл сөздер. Бұлар өзі қатысты сөйлемнен қос нүкте мен абзацтан соң қойылатын сызықша арқылы бөлініп көрсетіледі.

Сөйлем құрылымында қолданылатын өзге тыныс белгілерін оқыту

Әрбір тыныс белгісі - әр сөздің, әрбір сөйлемнің мағыналарын дәлелдеп, дұрыс түсіндіруші шартты белгі. Олай болса, аяқталған ойды білдіретін тілдің бір бүтін бөлшегі сөйлем болса, ол бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралады. Сөйлем арқылы адам өзінің айтайын деген ойын, пікірін екінші біреуге ауызша не жазбаша түрде жеткізеді. Сөйлем сазына

қарай қойылатын тыныс белгілері сөйлемдегі айтылатын оймен тығыз байланысты болады. Осындай тыныс белгілерінің қатарына жататындар - сөйлем аяғында қойылатын нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте және сөйлем ішінде құрылымы ерекше, түсіндірмелі сипатта қолданылатын сөйлем желісі келетін жағдайда жақша және тырнақша.

Әжесі әуелде көп-көп ертегілер айтқан: «Жұпар қорығы», «Құламерген» - бәрі де айтылып еді (М.Ә.). Бұл мысалда қос нүкте, тырнақша, үтір, сызықша және нүкте сияқты тыныс белгілері қатысып тұр. Мұндағы қос нүкте сөйлемнің құрмалас екендігін және олардың өзара іліктес қарым-қатынаста тұрғандығын көрсетеді; тырнақша ертегілердің атауы екендігін білдіреді, үтір ол сөздердің бірыңғай мүше түрінде айтылғандығын, сызықша бірыңғай мүшелерге ортақ жалпылауыш сөз бар екендігін, нүкте сөйлемнің тиянақтылығын әрі хабарлау мәнінде айтылғанын аңғартады.

Аталған тыныс белгілерінің ішінде тырнақшадан басқасы әрі дауыс ырғағымен бөлініп, кідіріс жасауға байланысты, әрі синтаксистік құрылысқа байланысты қойылған. Ал тырнақша дауыс ырғағына не синтаксистік құрылысқа тәуелсіз, сол сөздің атау ретінде қолданылуын ғана белгі етіп көрсетеді.

Осы сөйлемнің соңында автордың фамилиясы мен атының бас әріптері жақшаға алынып, әрқайсысынан кейін нүкте қойылған. Мұндағы нүкте

кісі атының қысқартылып алынғанын аңғартса, жақшы сол сөйлемнің кімге тән екендігін (авторын) ескертуді білдіреді. Ауызекі сөйлеуде кідіріс жасаған жерлердің бәрінде тыныс белгісі қойыла бермейді. Жұпыны үйдің аз ғана жиһаз мүлкі маған атам заманнан тұтынып келе жатқан дүниелігім тәрізді әбден үйреншікті болып кетті. Бұл сөйлемнің екі жерінде кідіріс жасалса да, ешбір тыныс белгісі қойылмайды. Оның себебі: бұл – бір ғана жай сөйлем, құрамындағы сөздер өзара байланысып, ешбір тыныс белгісімен бөлуді қажет етпей тұр. Егер үзіліс жасаған жерлерге тыныс белгісін қоя берсек, сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланысты орынсыз үзген болар едік.

Тыныс белгілеріне тікелей қатысы болмаса да, сауатты жазудың шартына кіретін нәрсе – сөз бен сөздің аралығындағы **ашық жер** мен **жаңа жол** (абзац) дегеннің не екенін білу. Ашық жер ұғымы өз-өзінен түсінікті. Хат тани білетін адам бір сөзді екінші сөзден сәл алшағырақ жазады. Бірақ кейде жалғау, жұрнақпен ұқсас шылауларды бірге жазып қоятындай қате жіберушілер болады. Оның қосымша не шылау екендігін білмейінше, бөлек не бірге жазатындығын білу қиын болады. Мысалы: Менде кітап бар. – Мен де барамын. Жаңа жол (абзац) бір мәселе жайында айтылған ойдың кесек бөлшегін көрсетеді. Оның белгісі – жаңа жол, әдетте, жазып келе жатқан жол қатарына 3-4 әріптей ішкерірек жазылып, кетік жасайды. Жаңа жолдың грамматикалық ерекшелігі

болмағанымен, стилистикалық маңызы бар, ол жаңа ойдың басталуын көрсетеді. Демек, жаңа жол ойдың ірілі-ұсақты логикалық кезеңдерін бөліп көрсетумен бірге, логикалық жағынан аяқталған ойды жеке бөлшектерге бөліп айта білумен тығыз байланысты.

Көп нүкте (...) мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгісі. Көп нүкте түрлі себептермен ойдың аяқталмай қалғандығын білдіреді. Атап айтқанда:

1. Бір нәрсе жөнінде айтайын деген пікір, ұмытылып қалғандықтан, оны үзілді-кесілді еске түсіруде көп нүкте қойылады. Мысалы: Вера Яковлевна, ол сылтауыңызға мен жол бермеймен, Күтемін... Келіңіз... (Т.Ахтанов)

2. Айтылып келе жатқан кейбір пікірлерді айтып жатудың артық екендігін білдіру үшін қойылады. Мысалы: Екі еркектің алдында ұялу, қысылу ... жоқ, ол туралы тіпті ойлағаным жоқ.

3. Кездейсоқ болған іске таңдануды, сүйсінуді, назалануды көрсетеді. Мысалы: Тез жөнел! Бұйрықты ... Енді... несі бар, енді ... мұндайда ... топырақтары торқа болсын...

4. Үзіндінің түгел алынбағандығын білдіреді. Мысалы: Мен Вераға шынымды айтам... (Т.Ахтанов).

Көп нүкте кей жағдайда сөйлем басында келеді. Ол айтылмақшы ойдың алдында жасырын бір ойдың барын көрсетеді. Мысалы: ... енді Жоңғар тауының сілемі басталады (сонда).

Көп нүкте саны (...) үш нүктеден аспауы керек. Сөйлем хабарлау интонациясымен айтылса, көп нүктенің өзі, сұраулық интонациямен айтылса, сұрау және көп нүкте (?..), лептік интонациямен айтылса, леп белгісі мен көп нүкте (!..) қойылады. Басыңды оққа байлау?.. Аман келгеніне қуанам!.. Үзілген... Әрине үзілген!..

Тырнақша синтаксистік құрылым мен жеке сөздерді немесе сөз тіркестерін атап, мағынасын анықтап тұрған жағдайда қойылады. Біреудің айтқанын жеке-жеке сөздер, сөйлемдер тырнақшамен жазылады. Мысалы: Басында ыңғайсыз көріп тұрса да «ең үлкен дабыл» танауы делдиіп кетті. Балалар оны Анатолий деген атымен атамай «қорқақ» деп шақыратын болды (Т.Ахтанов).

Диалог емес төл сөз тырнақшаға алынады. Мысалы: Жақыптың өркеуде, бәсеке құмар, о жар мінездерін білетін Жампейіс «Мына шұбар тай тек жорға ғана емес, жел жетпес жүйрік болады» деп онан сайын желіктіріп қойған-ды (С.Бегалин). Жас Ескендірді анасының үлкен данышпан ғалымға беріп оқытқаны Айғаным әжесінің «білім-оқуда» деген насихат сөзіне ұштасып жатты. «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген, алғашқы кездескенде «сен қырғыз түгіл ме» деген сөздерінен көңіліне дық алып қалған Шоқан Ғазизді іштей ұнатпады (С.Бегалин).

Шығарма, өлең, т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады. Мысалы: Арыстан ақыннан естіген «Қозы

Көрпеш – Баян» жырындағы Аякөз өзені осы екенін, осыдан салт аттыға ара күндік жерде «Қозы Көрпеш – Баян» бейіті дейтін ескерткіш барын да сол жердегі тұрғын адамдардан Шоқан сұрап ұғынды (С.Бегалин).

Ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады. Мысалы: Ауылды сағынған, ауыл ойынын сағынған Шоқан таң атқанша ұйықтамай, Әлібай, Жақып, Мұқандармен ойын салды, «Ақсүйек», «Қара бие», «Тоқтышак» ойындарының бәрін де ойнады (сонда).

Жер-су, тау атаулары да тырнақшаға алынып жазылады: Бұл жердің аты жер жарылып су аққаннан «Қопалы» болатын. Әсіресе осы өзен бойын өрлеп барып биікке көтерілер жердегі – «Шыбынды сай», «Көнді сай» және «Газ қара» қырқаларын аралап, үстіртте қарлы асқардың белдеуінде отырған жайлау елдерін көрді (С.Бегалин).

Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, әріптер, буындар тырнақшаға алынады. Мысалы: Бірде ол сыртында «Орымбай айтуынан «Ер Көкше» жыры» деген жазу бар дастанды оқыды. Бұл Ибраһим әл Юныстың «Жігітке жетміш түрлі өнер аз» деген хикая кітабы екен (С.Бегалин). Белгілі бір ұйым атаулары да тырнақшаға алынып жазылған. Мысалы: «Өжет топтың» ісін үлгі етіп, өзгелерге көлденең тартып отырады (сонда).

Төл сөз диалог ретінде келсе, әр адамның сөзі тырнақшаға алынып жазылады. Мысалы: Қасымбек : «Отағасы, обоз да соғыс» деп тыйып тастаған, «Әрине, обозсыз соғыс болмайды ғой... Бірақ

баламның кегін өз қолыммен қайтарсам деп едім» - деп шал қинала тұрып тәртіпке бағынған (Т.Ахтанов).

Сөздің астарлы, кекесін, қалжың мәнінде айтылғандығын білдіретін сөйлем құрылымында тырнақша қойылады. Мысалы: Шоқанның мына сөзін естіген балалар ду күліп, «тамаша теңеу, өзі бір шипшикіл сары екен» десіп, мәз болды. Кейде бірін-бірі «жирен қораз құсап қоқайма» деп ажуалайтын (С.Бегалин).

Белгілі бір мақал, нақыл сөзді сөйлем ішінде кірістіргенде, тырнақшаға алып жазу шығармада көптеп кездеседі. Мысалы: «Екі бай құда болса, арасында жорға жүреді» дегендей, аға сұлтан аулының жиендері, аға сұлтан күйеу, ханым, құдағи айта қаларлықтай сыйлыққа бөленді. Қазақта мақал бар емес пе, «жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген (С.Бегалин).

Жақша сөйлем ішіндегі белгілі бір сөздің мағынасын немесе ойға қатысты басқа бір ойды жолжөнекей түсіндірген жағдайда қойылады. Мысалы: Мысықтың бұл мүсіндері Шоқан айтқан түйе емес, құстың (қаршығаның) тұлғасын бейнелепті (С.Бегалин).

Сөйлем, мәтін ішінде қыстырынды құрылымдар да кездеседі. Қыстырынды құрылымдар күрделенген сөйлемнің бір түрі ретінде танылады. Олар негізгі сөйлемнен өзгеше (объективтік) модальдылыққа мүшеленуге ие. Қыстырындылар синтаксистің құрылымдық және коммуникативтік аспектісіне

жатады. Қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемдегі айтылған ойды немесе сөйлемнің белгілі бір мүшесін толықтырып, нақтылып, әр түрлі қосымша хабарлар беріп тұрады. Олар негізгі сөйлемге жай қыстырыла айтылмайды. Хабардың желісіне байланысты автор тарапынан арнайы мақсатпен қолданылады. Соның нәтижесінде сөйлемнің мазмұны толығырақ ашылып, онда хабарланған оқиға әрекеттердің қыр-сыры бір жағынан болса да, айқындалып отырады. Осыған қарай қыстырындылар мынадай функционалды-семантикалық топтарға бөлінеді: 1) түсіндірмелі; 2) нақтылаушы; 3) сілтемелік; 4) толықтырушы.

Түсіндірмелі қыстырынды құрылымдар негізгі айтылатын ойға қосымша түсініктеме беріп тұрады. Мысалы: Түркі тұқымдас түркі, печенег (осы күнгі қарақалпақтар) елдерінен қуылды.

Нақтылаушы қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемді нақтылай түсетін, талдаушы мәнді орындайды. Бір жағынан еркіндікті сүйсе, екінші жағынан, ол өмірдің тұрақсыз екенін ойлайды (бұл соған арналған).

Қыстырынды құрылымдардың сілтемелік түріне еңбектің авторын, шыққан жылын т.б. көрсететін, құралымдар жатады. Мысалы: Бұл жердің аты жер жарылып су аққаннан «Қопалы» болатын (С.Бегалин «Бала Шоқан»).

Толықтырушы қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемге қосымша хабарлама береді. Мысалы: Жұрт

тегіс жиналып, ол бала-шағасымен (сегіз баласы бар, алды он сегізде) үстел жағалай отырды.

Сөйтіп, қыстырынды құрылымдар қосымша мәлімет беру арқылы тілдік құрылымның мазмұнын кеңейтіп, байытады. Қыстырынды құрылымдар грамматикалық әр түрлі синтаксистік бірліктер түрінде, нақтылай айтқанда, олар: сөздер, сөз тіркестері, жай және құрмалас сөйлемдер, тіпті синтаксистік тұтастықтар арқылы берілуі мүмкін. Қыстырынды құрылымдардың құрылысы жағынан ең қарапайым түрлері – сұрау және леп белгілері, жақша жатады. Мұнда иненің жасуындай жасандылық (?) жоқ, тек шындық болғанда жазушының таланты арқылы оптимистік (!) тұрғыдан жыр етілген шындық. Мысалы: Кузнецкіде (жалғыз болған кезімде) (В. Бұл құпия сыр) – Сізді мен өзімнің ең жақын досым саналатын ақылды, жан-жүрегі пәк бір әйелге әңгіме етіп таныстырдым. Шоқанды таңдандырған бүкіл қырғыз елі болып мақтана жырлайтын Манас жыры болды, қырғыздың пернесіз тартылатын домбырасының (қомыз) өзгешелігі, манасшының дене, бет, көз құбылыстарын қарындашпен суретке түсіріп алды (С.Бегалин).

Қолданылу жиілігі жағынан алғанда, қыстырынды сөздер көркем әдебиетте жиі қолданылады. Қыстырынды құрылымдар негізгі бөліктің құрамына, бір жағдайда тәуелді түрде, бір жағдайда тәуелсіз түрде еркін енеді. Ал ол кірісуді жүзеге асыратын тәсілдер, интонация, орын тәртібі

және арнайы лексикалық- мағыналық тәсілдер: қайталаулар, есімдіктер, жалғаулықтар, қыстырмалар, т.б.

Қыстырынды құрылымдар сөйлем құрылысын, сөйлемнің интонациялық тұтастығын бұзбайды, сөйлем мүшелері арасындағы логика-грамматикалық байланысына ешқандай нұсқан келтірмейді. Негізгі ойды күрделендіруші компонент өзінің грамматикалық табиғатына қарай сөйлем құрылымын құрауға қатыспағанымен, жалпы сөйлем мазмұнын әр түрлі мағыналық тұрғыдан толықтырып отыруға мүмкіндік береді. Сондықтан қыстырынды құрылымдардың сөйлемнің негізгі бөлімімен байланысы семантикалық сипатқа ие болып тұрады.

Тыныс белгілерінің қабаттасып қолданылу

Әрбір тыныс белгісінің өзіне лайық қызметі бар, соған орай олардың да белгілі орындары болады. Сөйлемдегі сөздердің белгілі орны болса, тыныс белгілерінің де сөйлем ішінде тиісті орны бар. Олай болса, тыныс белгілерін қалай болса солай қабаттастырып қоя беруге болмайды. Сондықтан тыныс белгілерінің қабаттасып келетін орындары туралы мынаны білген жөн:

1. Бір сөйлемде кейде екі жақша да қабаттасып келеді. Мысалы: Алайда бір уақытта кейбір жайттарды есітіп білерсіз, ал тап қазір дүниедегі ең қымбаттым туралы үрей, қайғы мен қамқорлық жүрегіме кенет толған шақта (мұны өзім күттім де,

күтпедім де), жападан-жалғыз қалған кезімде) ал әрекет жасау керек-ақ).

2. Кейде сызықша қойылуға тиісті жерге сұрау, леп белгісі, көп нүкте, нүкте, үтір қойылуға тиіс болса, сызықша да олармен бірге қабаттасып қойыла береді. Сызықша осы белгілерден соң ғана қойылады. Мысалы: Шоқан осыны айтқанда: - «Ол жағына мен иемін ғой. Бұл әңгімені Петербургтен бастаймыз. Гасфортқа өзім әдейілеп сөйлесем, - деді (С.Бегалин).

Тырнақша сұрау белгісімен, нүктемен, леп белгісімен, көп нүктемен, үтірмен қабаттасып қолданыла береді. Ал сызықша төл сөзге қатысты болмаса, тырнақша сыртына қойылады. Мысалы: Ықыласты достықпен әзілдесе де отыратын Шоқан: - Петр Перович, қазақтың бір мақалы бар, мен соны айтсам, ренжімессіз, «Құл тапқаны қожасы үшін» дейді (С.Бегалин).

Жеке сөздер бірыңғай мағынада әрқайсысы тырнақшаға алынып жазылса, бүтін сөйлемнің құрылысына қарай басқа тыныс белгілері тырнақшадан соң қойылады. Мысалы: Әсіресе, Аякөз маңы, онан өте Қозы Көрпеш – Баян сұлу зираттары тұрған «Аяғыз», «Таңсық» өзендерінің бойынан көп жаңа өсімдіктер жинады (С.Бегалин).

3. Тырнақша алдына қойылған сұрау, леп, я көп нүкте, қос нүкте сияқты тыныс белгілері тырнақшаның жабылатын екінші сыңары соңынан қойылмайды, тырнақшаның алдыңғы сыңарының алдынан ғана қойылады. Мысалы: Бойымды

мұздатып, адам шошығандай жаман бір нәрсе келе жатты. «Апа... Апам жоқ... Апатайым...» «Не істейміз, а? Не істейміз?» - дейді дәрменсіз кескінмен.

Сөйлем мен сөйлемнің, не сөйлем мүшелерінің арасында жақша тұрса, жақшаның алдыңғы сыңарынан соң қойылуға тиісті үтір ол жерге қойылмайды, ол жақшаның екінші сыңарының сыртынан қойылады. Мысалы: Содан соң Сібірге оралып, өз туысқандарыңызға пайда болатын ой айтып, ұсыныс жасаңыз (не ойлап табуға болмайды, не армандауға болмайды!), олар Сізді тіпті шетелге, яғни Европаға бір-екі жылдық саяхатқа жіберуге де ықтимал ғой (С.Бегалин).

5. Нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүктелер жақшаның алдыңғы сыңары алдынан қойыла береді. Мысалы: Ол сөзсіз басылды. (Ол хақында әңгімелесіп едік қой, есіңізде болар). (С.Бегалин).

6. Жақша ішінде тырнақшаға алынған лепті, сұраулы, хабарлы сөйлем болады. Егер ол сөйлем лепті болса, леп белгісі тырнақшаның соңғы сыңарынан бұрын қойылады, мұндай жағдайда сұраулы сөйлемнің тыныс белгісі де осылай қойылады. Мысалы: Өткен жылы жаз айында («онда Қашғарда Уәлихан әмір жүргізіп тұрған кез болар?») бір күні жендеттер көшеден ақ шашты, ұзын бойлы, ақсары шет жерлік адамды алып жүрді (С.Бегалин).

7. Үтір мен тырнақша да қабаттасып келе береді. Мысалы: Аяғында Қытай ұлығы өз тілінде: «Бұлар орыстар емес, татар да емес, нағыз

әндіжандықтар ғой. Енді мазалау керек емес, еркін саудаларын істей берсін», - деді (сонда).

8. Түсіндірмелі бағыныңқы сөйлемдерден соң, үтір қабаттастырылып қойылмайды. Мысалы: Ертең... жақсылық боп...

Салалас құрмалас сөйлемдегі әр жай сөйлемде сұраулық мағына болса, сұраулық белгісінің орнына үтір қойылып, сұрау белгісі сұраулық мағынасы бар сөйлемнен соң қойылады. Мысалы: Аяқ-қолың аман ба, тамағың тоқ па, киім-кешегің бүгін бе? - деп сұрағандай болды.

Сөйлем ішінде бір сөздің мағынасын ашуда түсіндірмелі мәнді сөз не сөз тіркесі жақшаға алынып жазылады. Мысалы: Мысықтың бұл мүсіндері Шоқан айтқан түйе емес, құстың (қаршығанын) тұлғасын бейнелепті (С.Бегалин).

Пунктуацияны оқытуға байланысты жаттығулар жүйесі

Оқушылардың пунктуациялық дағдыларын қалыптастыру үшін әр түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу керек. Жаттығу дегеніміз – игеру немесе оның сапасын арттыру мақсатын көздеп, іс-әрекеті (ақыл ой немесе практикалық) жоспарын ұйымдасқан түрде қайталап орындау. Сабақ нәтижелі болу сынып оқушыларының ерекшеліктерін ескеріп, жаттығуды дұрыс талдауға байланысты. Егер жаттығуды орындау қиын болса, оқушылардың ынта-ықыласы төмендейді, ал өте жеңіл болса, теориялық оқу

материалын бекітпейді. Жаттығу оқушылардың күшіне, біліміне сай болуы керек. Тыныс белгілерін үйрету үшін:

1. Оқушылардың синтаксистік құрылыс пен сөйлемдегі ой желісін ұстай білуін қамтамасыз ету.

2. Оқушылар сөйлемнің тыныс белгілерін сол сөйлемді әбден көшіріп, не жазып/ болғаннан кейін емес, соны жазу үстінде қоя білетін дәрежеге жеткізуге тиіс, ол үшін сөйлемді ойша бірден, өте тез талдай білу қажет.

Жаттығу жұмыстарының ролі айырықша. Себебі, оқушылардың пунктуациялық жүйеге жетік еместігі, оқыған, білетін ережелерін іс жүзінде қолдана алмаушылығы сияқты кемшіліктер дер кезінде, яғни оқу оқыту процесінде пунктуациялық жаттығулардың не өте аз жүргізілетіндігінен, не әдістемелік жақтан дұрыс ұйымдастырылмағанынан болады. Жаттығу жұмысын іздеп отырған форманы бірден, ә дегеннен көзге түсетіндей етіп құруға болмайды: онда оқушының таңдауына, басқа өзі сияқты формалармен салыстыруына, соның ішінде тауып алуына мүмкіндік туғызылуы керек. Мұның өзі оқушыларды ойландыруға, жұмысты сапалы түрде, түсініп істеуге үйретеді. Пунктуациялық жаттығу жұмысының бір түрі – тыныс белгілері қойылмаған сөйлемдерді көшіріп жаздырып, тыныс белгілерін оқушылардың өздеріне тапқызу. Бұл тәжірибеде өте көп қолданылатын түрі. Бірақ бұл әдісте бір кемшілік бар: оқушылар сөйлемнің тыныс белгілерін бір

нүктеден екінші нүктеге дейін немесе бүтін мәтінді көшіріп алғаннан кейін ғана қояды. Оқушылар сөйлемді көшірмей тұрып, оны алдымен ішінен, одан соң бір рет дауысын шығарып оқып, айтылған ойдың мағынасын әбден түсініп алу керек. Мұғалімнің негізгі міндеті – осы дағдыны қалыптастыру. Оқушыларды бұл дағдыға қалыптастыру тек қана мәтінді көшіру кезінде емес, оларды басқа да түрлі жазба жұмыстарының (мазмұндама, диктант, шығарма жаздыру т.б.) тыныс белгілерін орналастыру процесінде де ескерілуі керек. Көбіне, оқулықтарда өтіліп отырған нысанға байланысты пунктуациялық бір ережеге ғана қатысты тыныс белгілері қойылмай, алынып тасталып беріледі. Оқушыларды ойландыру үшін мұндай жұмыстардың пайдасы зор. Бірақ мұның бір қауіпті жағы бар: өтіліп отырған бір-ақ ереже болғандықтан, оқушылар ол жердің тыныс белгісін қиналмай-ақ қоя салады. Сондықтан мұндай кемшілікті болдырмас үшін, мұғалім осы қазір өтіліп отырған бір ғана ережеге байланысты тыныс белгілері емес, әр түрлі ережеге байланысты қойылатын бірнеше тыныс белгілерін қолдануды қажет ететін мәтіндер бар жаттығуларды іріктеп, таңдап алғаны жөн. Осындай жаттығуларды тыныс белгілерін дәл сол жерге неліктен қойғанын сұрап, анықтап отыру да керек. Мұның өзі оқушының түсінгенін немесе түсінбегенін аңғартады. Жаттығуды орындауда манандай мақсаттарды көздеуіміз керек:

1. Сөйлемнің тыныс белгісін дұрыс қоюды қамтамасыз ете алатын ауызша бірден, тез талдай білу дағдысын қалыптастыру.

2. Мәтіннің немесе сөйлемнің қай жеріне қандай белгілер қойылатынын алдын-ала айқындап алу дағдысын қалыптастыру.

3. Сөйлемнің тыныс белгілерін сөйлемді әбден көшіріп болғаннан кейін емес, көшіріп жатқан кездің өзінде қойып отыру дағдысын қалыптастыру.

Пунктуациялық жаттығу жүргізудің бір жолы - тапсырмаға берілген, өтілген ережелер бойынша, оқушылардың өздеріне сөйлемдер ойлаттыру. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың өздігінен ойлауларына, шығарма, диктант немесе мазмұндама жазғанда, сөйлемдердің тыныс белгілерін орынды қоя алатын дәрежеге жеткізеді. Пунктуациялық жаттығудың осыған байланысты бір түрі – оқушыларды оқитын көркем шығармалары мен газеттерінен (ондағы мақалалардан) тыныс белгілерінің белгілі бір ережелеріне байланысты мысалдарды оқушылардың өздеріне таптыру. Оқушылардың интонациялық және пунктуациялық дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығулар жүйесін ұсынып отырмыз:

1. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді мәнерлеп оқындар:

Бір қабілетінді пайдалы іске жұмса. Төбеңнен қылыш төнсе де тура сөйле! Абай қай жерде туып-өскен? Нұрлан мінген машина жолдың үстінде

жұлдыздай ағып келеді. Бұл қайсың, Мұратпысың? Шіркін, қайта айналып келер ме еді!

Оқып шығып, әр сөйлемнен кейін белгілі тыныс белгісін қойып, көшіріңдер:

Кітап оқудан тыйылған адам ойлаудан да тыйылады. Қазір қандай көркем шығарма оқып жүрсің Орман Не деген сыйымды сөз десеңізші бұл Неге үндемейсің, Әлімен Оның жүрегі мұздап қоя берді Құрыдым, Әлиман құрыдым

3. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.
Туған тілде әнім менен сәнім бар
Туған тілім – жүрек үнім, наныңдар!
Нанбасаңдар,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар!
(Д.Әбілев)

4. Мына сөздерді қатыстырып, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер жазыңдар.

Бесінші сынып, бардың ба, құттықтаймыз, қанша, көмектесті, бірігіңдер.

5. Сұраулы сөйлемді қатыстыра отырып, мамандыққа байланысты сұрақ-жауап (диалог) түрінде сөйлесіңдер.

Үлгі:

- Жомарт, осы сенің мамандығың қандай?
- Ағаш ұстасымын.

- Ондай мамандықты қашан, қай уақытта алдың? Қай оқу орны берді?

6. Сөйлемдердің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

Д ә п т е р

Мектеп оқушыларының бәрінде де дәптер бар олар дәптерлеріне жазу жазады үй тапсырмаларын орындайды біздің заманда дәптерлердің бәрі де қағаздан жасалған бірақ әр уақытта да олай болмаған адам баласының қағаз жасай білмеген кезі де болған.

7. Жаттығуды оқып шығыңдар да, диалогқа байланысты тыныс белгілерін қойыңдар. Қаратпа сөздерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу себебін айтыңдар.

Қ и я с б а й д ы ң е с е б і.

Абайдың кәдімгі Қожанасыр мінездес Қиясбай деген досы болған. Бірде Абай үй ішімен есеп жөнінде әңгімелесіп отырса:

Абай аға, сіз есеп білесіз бе? – деп сұрапты, Қиясбай қасында шынтақтап жатып.

Аздап, Қиясжан, - депті Абай.

Аздап білсең 200 ешкінің мүйізі қанша болады?
400 болатын шығар.

Пәлі, Абай аға, сен де есеп білемін деп мақтанасың-ау, - депті Қиясбай, - сонша көп ешкінің ішінде мүйізі жоқ тоқалы, мүйізі сынған кемдері болмай ма екен? - деп, мырс еткенде, үй іші ду күліпті.

8. Жай сөйлемдерге қаратпа сөз қосыңдар да, тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

Үлгі: Асқар, үйге әжем келді.

Асқар әжеммен бірге келді. Ботакөз ауылдан ерте шықты. Қалаға келгеніне айға жақындап қалғандықтан, Ботакөз апасын сағынған болар. Жұматай ауылына бұдан бірнеше күн бұрын ғана келіп кеткен еді. Шәріп үшін жаңалық жоқ еді.

9. Төмендегі сөздерді қаратпа сөз етіп, сөйлем құрастырыңдар.

Үлгі: Менің күнделігімді қарап жіберші, мама.

Әже, Серік, Қарлығаш, аға, ата т.б.

10. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер. «Жан азығы - кітап» деген тақырыпта әңгіме өткізіңдер.

-Мен кітап оқығанды жақсы көремін, - дейді он үш жасар оқушы қыз. – Тұңғыш кітапты өз бетімше екінші сыныпта оқыдым. Сонан кейін-ақ мені кітаптар әлемі өзіне тарта бастады. Оларды оқу үстінде көптеген жаңалықтарды, адамдардың қалай өмір сүретінін білдім. Онымен құрдас бір қыз былай дейді: «Бұрын мен кітап оқымайтынмын. Қазір кітапты ең сырласым деп санаймын. Кітапсыз өмір сүру мүлде мүмкін емес». Оның пікірі қазақстандық мектеп оқушысы толық қостайды: «Кітапсыз өмір өте-мөте көңілсіз болар еді. Шіркін, неткен тамаша! Кітаптарға бүкіл әлем , барлық табиғат, барлық қалалар сыйып тұр ғой! Былай қарағанда, шағын ғана кітап, ал ондағы суреттелетін әлем қаншалықты

кең?» - дейді ол. Он жасар қыз былай деп жазады: «Кітаптарды өмір шындығын айтатыны үшін жақсы көремін. Кітаптан талай тамаша тағдырлар жайлы оқимын. Мұның өзі менің өмірімді де қызық мазмұнға толтыра түсетін сияқты.»

11. Құрмалас сөйлемдерді тауып, тыныс белгілерін қойыңдар да, әрбір жай сөйлемнің жігін ажыратыңдар.

Атың жақсы болса дүниенің пырағы.
Балаң жақсы болса екі көзіңнің шырағы
(Ә. Тәжібаев)

Сексен көл Көкшетаудың саясында
Әрқайсысы алтын кесе аясында
Ауасы дертке дауа жұпар иісі
Көкірек қанша жұтса тоясың ба?
(С.

Сейфуллин)

Мен де өзіндей байтақ едім кең едім
Қызығыңды көріп еркін келемін
Сен де аямай бердің маған барыңды
Мен де аямай барым саған беремін.
(Қ. Аманжолов)

12. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдердің арасына үтір қойып, түсіндіріңдер.

Қарақұс пен мысық

Ауыл сыртында мысық өзінің балаларымен ойнап мәз болды. Көктем күні шуағын төгіп аумалы-

балалы мысықтар тырандап жадырап масайрап жүрген еді. Қай жақтан шыға келгені белгісіз алпамсадай қарқұс жай оғындай атылып көк сеңгір аспаннан құлдилап келді де бір мішімді бүре түсті. Қаракұс қайта көтерілгенше мішім анасы сарт етіп атылып оған жабыса кетті. Жыртқыш құс мішімді тастай салып кәрі мысықпен айқасты. Шыбын жанды шүберекке түйген астан-кестен айқас басталды да кетті. Тау соғар қанат тас қашар тұмсық тепсе темір үзетін тырбақай топшы қаракұсқа күш бітірді. Ол мысықтың терісін далдал қылып бір көзін шоқып тастады. Бірақ мысық та тайынбады. Ол қаракұсқа тырнағын өңменінен өткізе батырып оң қанатын қыршып алды. Енді мысық еңсере бастады. Алайда қаракұс әлі тың еді. Мысық шаршап қалды. Дегенмен ол қайтадан бір ышқынып бұлтың етіп ыршыды да қаракұсты жерге алып соқты. Сол сәтте тісімен оның желкесін орып жіберді де өз денесіндегі жараны елемей өлім аузынан қалған мішімін айналып-толғанып жалай бастады.

13. Диалогқа байланысты тыныс белгілерін қойып, мәтінді мәнерлеп оқып құрамында неше кісінің сөзі барын анықтаңдар.

Олар үйге кіргенде, Абай бірнеше адаммен әңгімелесіп отыр екен. Сәлемдескеннен кейін ол:

Әй, Қарасақау, мынау сенің балаң ба? - деп сұрады.

Иә, Абай аға, менің балам. Сізді көрем деп, әдейі келді.

Абай Хасеннің қолындағы тақиясын нұсқап:

Балам қолындағы не? – деді.

Бүлдірген, жеңгелерімен берейін деп, теріп алдым, - деп жауап береді Хасен. Абай сәл ойланып:

Сен Кәмшәтті шақырып келші, - деді қасында отырған жігітке. Шырағым, мына Қарасақаудың баласы саған бүлдірген әкеліпті. Өзі бұрын есік аспаған бала екен, жақсылап көйлек тігіп кигіз. Иә, балам, оқып жүрсің бе? – деді.

Оқып жүрмін, Абай ата.

(М. Әуезов)

Абай, Хасен, Қарасақаудың, автордың сөздерін жеке-жеке оқып бер.

14. Тақтаға мынандай мысал жазылады:

Бүгін сенің бақыт нұрың тасқан күн,
Мал да, құс та, жер де, су да сен үшін
Түрленгендей нұр бергендей Аспан Күн

А) Қызметі мен сұраулары ортақ болып, бір ғана мүшемен байланысатын сөздер бар ма?

Ә) Оларға сұрақ қойыңдар.

Б) Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойыңдар

15. Төмендегі мәтінді оқып, сұраулары сөйлем мен оған берілген жауаптарды анықтап, сұрақ пен жауапты диалог түрінде тиісті тыныс белгілерін қойып көшіріп жазыңдар.

Қасқыр қайда барасың қой қырғалы
барамын.

Түлкі қайда барасың тауық іздеп барамын.

Маймыл қайда барасың сауық іздеп
барамын

Аю қайда барасың бал тапқалы бармын
(Қ. Мырза-Әли)

16. Мына сөйлемдерден жалпылауыш сөздерді тауып, тыныс белгілерін түсіндіріңдер.

Үйдің маңайы қой, ешкі, сиыр, жылқы – бәрі аралас шулағанда азан-қазан болады да кетеді. Үй ішіндегі ақшыл сырлы кереует, тұста тұрған түкті көне кілем, терезеге тұтылған тоқыма перде, қабырғадағы түрлі суреттер, қызыл, жасыл, көк жіппен кестелеген кестелі орамал-шүберектер барлығы бөлмені көзге әдемі көрсетеді. Біздің қоғамымыз осындай жандарға ескіліктен арылған, сауатты, адамгершілігі мол азаматтарға сүйенеді. Қазақстанның басты қалалары мыналар Алматы, Қарағанды, Семей, Қостанай, Теміртау т.б.

17. Мынай жалпылауыш сөздерге лайықты бірыңғай мүшелерді қосып, сөйлем құраңдар.

Жемістар, бәрі, ағаш, төртеуі.

18. Бірыңғай мүшелерді қатыстырып, досыңның портретін жаса.

Үлгі: Айгүл деген досым бар. Ол ұзын бойлы, ақ жарқын қыз. Қалың қара шашы, қою қасы, қоңыр көзі, қыр мұрны – бәрі де Айгүлдің жүзіне жарасып тұрады.

19. Өлеңді оқып шығып, сөйлемнің айтылу интонациясын ескеріңдер, бірыңғай мүшелерді тауып, қандай сұраққа жауап беретінін айтыңдар.

Әйел, еркек, жалпы жас,
Көтеріл, көрін, көзіңді аш!
Жаңбырлы жазғы жапырақтай,
Көркей, көгер, гүлің шаш ...
Оян, ойлан, ұрандас!
Қаһарлан, теңел, құрал жас ...
Оқы, ортақтас, ұйымдас.
Бірік, бірлес, жиыл жас!

(І.Жансүгіров)

Жылыттың сен көктеміңмен, жазыңмен,
Жылыттың сен әзіліңмен, назыңмен.
Толтырдың сен тарихтың сан томын,
Жарқыраған, алтындаған жазумен!

20. Төмендегі сөздерді бірыңғай мүше етіп сөйлем құраңдар. Бірыңғай мүшеге ортақ жалпылауыш сөздерді өздерің ойлаңдар. Үлгі: Алматы, Қарағанды, Шымкент, Семей, Ақмола – бәрі де Қазақстанның ірі қалалары. Қазақстанның ірі қалалары мыналар: Алматы, Қарағанды, Семей ...

I. Көксерке, алабұға, мөңке, аққайран, таутан (Қазақстан суларындағы балықтар).

II. Ағыбай, Асқат, Болат, Жомарт (менің інілерім).

III. Сырдария, Ертіс, Жайық, Тобыл, Іле, Шу, Есіл (Қазақстандағы ірі өзендер).

IV. Зат есім, сан есім, сын есім, етістік, есімдік, үстеу, шылау, одағай, еліктеуіш (сөз таптары).

21. Үтірмен ажыратылған бірыңғай мүшелі сөйлем құрылымдарымен жұмыс жүргіземіз

А) Бірыңғай бастауыштар

Талап, ұғым махаббаттан шығады. (Абай)

Ә) Бірыңғай баяндауыштар

Аспан, айқын, ашық. (Ғ.М.)

Б) Бірыңғай анықтауыштар


Далады ақ, сары, қызыл гүлдер өсіпті.

В) Бірыңғай толықтауыштар

Олар малды, қораны тексеріп шықты.

Г) Бірыңғай пысықтауыштар

Салтанатты жиналыстар Алматыда, Ақмолада, Семейде болып өтті.



Д) Жалғаулықтары қайталанған бірыңғай мүшелер.

Ауыл да, өмір де, жастар да қазір мүлде өзгерді.

Е) Үтірмен ажыратылмайтын жалғаулықтарды бірыңғай мүшелер.

Мұғалімдер мен оқушылар жиналды.

Ж) Бірыңғай мүшелер мен оңашаланған айқындауышқа қатысты

Ормандағы ағаштар: қарағай, қайың, тал - ерте көгере бастады.

21. Қай жақ дұрыс әрі тез қояды?

Екі қатарға бөлінген балаларға сөйлемдер жазып, ондағы қажетті тыныс белгілерін қою тапсырылады.

I-ші қатарға

Мектепте он бес-жиырма бала интернатта жатып оқыды да Сауытбай Дәндібай сияқты бай балалары ауыл үйлерінде жатып оқыды.

Олар интернатта жатып оқитын балалардың жауы болып алды. Шетінен тентек мейлінше ұрыншақ сотқар еді. Сабақта отырғанда тыныштық бермейді де не шымшып алады не қағаз-қарындашты лақтырып тастайды ал сыртқа шықсаң не сабайды не бөркінді лақтырып ит айтақтап маза бермейді.

II-ші қатарға

Әсем екеуіміз мектепке келсек есік алдында адам жиылып тұр екен. Олардың арасында ұзын қара шинель киген жұп-жуан екі беті торсықтай ала көз бұжыр адам сөлеп тұр. Сөзі бізге ұнамады. Оның айтуынша бұл мектепке ең алдымен патша үкіметіне сенімді патшаға шын берілген адамдардың балалары алынуға тиіс онан кейін ауылдағы беделді адамдардың билердің байлардың балалары алынуға тиіс.

(С. Көбеев. «Қалың мал»)

22. «Сөйлем сазы» ойыны

Ойынға қатысушылар үш-үштен бірнеше топқа бөлінеді. Әр топ хабарлы, сұраулы, лепті сөйлеп болып (омырауларына тиісті белгі қадап) берілген мәтінді (мәтін көркем шығармадан алынады) кезегімен сазына келтіре оқиды. Қатысып отырғандар кімнің қалай оқығаны жөнінде өз пікірлерін айтады. Кімнің оқығаны ойынға қатысушыларға ұнаса, сол мәнерлі бала аталады.

23. «Өз орныңды тауып тұр» ойыны

Ойын бастаушы ойынға қатысушылардан бес баланы бөліп алып, ортаға шығарады. әрқайсысының тыныс белгілерінің аты жазылған бір карточкадан үлестіріп беріп, сен үтірсің, сен сызықшасың, сен нүктесің деп белгілейді. Ойын бастаушы сөйлемді екі рет қайталап оқығанда, қажетті тыныс белгі қолын көтереді, қай жерге қойылуы керек екенін айтады. Солай 6-7 сөйлем оқылады.

24. «Теңге ілу» ойыны

Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 3-4 метрдей жерге орындық қойып, орындықтың үстіне бес-бестен сұрақ билеттерін қоямыз. Мұғалімнің белгісі бойынша екі топтан екі сайыскер шығып, сұрақ алады, жауапты дұрыс берсе ұпай алады, келесі сайыскер сұрақты алып, жауап береді. Солай жалғаса береді.

25. «Жедел почта» ойыны

Әр топтан екі оқушыдан шығады. Сыныптың бір шетіндегі үстелдегі дұрыс қабылданбаған (тыныс белгілері қойылмаған) жеделхат мәтіні түзетіліп, тез жеткізілуі керек. Бір мезгілде берілісімен жеделхатқа екі бала жүгіреді. Қай топ жеделхатты дұрыс жеткізсе, сол жеңіске жетеді.

26. «Сүйікті жазушым» ойыны

Тақтаның бетіне жазушылардың суреттері ілінеді. Соған сәйкес карточкаларға жауап береді:

А) Жазушы туралы не білесіз?

Ә) Тыныс белгілері жайлы сұрақтар (әр түрлі).

Б) Сөйлемге қажетті тыныс белгілерді қою.

Адасқан тыныс белгілер

Төмендегі мысалдарда тыныс белгілерінің орны ауысқан, кей жерлерге артық та қойылған. Соны түзетіндер.

Қаз.

Бір қаз өзенде жүзіп, жүріп өзіне-өзі айтты:
«Қалай мен ғажап құспын, жерде жүремін суға ,,

жүземін, ауаға ұшамын : мендей құс бар ма? екен» - деп. Бұл кеңесті әтеш естіп, оған айтты: «Бекер сен, мақтанасың сен аттай жүгіре алмайсың, балықтай жүзе алмайсың, бүркіттей, ұша алмайсың, әрі істің басын шатып, жаман білгенше бір істі тәуір білген жақсы емеспе?» (Бұл мысал жылжымалы тақтаға немесе плакатқа алдын-ала жазыдып, балалар өздеріне көшіріп түзетеді.)

27. «Алма теріп жейік» ойыны

Мұғалім алма тәрізді етіліп жасалған қағаздарды партаға қояды, оның ар жағында сұрақтар мен сөйлемдер жазылған. Оқушылар бір-бірден алып, келегін сұрағына жауап береді немесе сөйлем бойынша берілген тапсырмаларды орындайды.

Оқушылардың тыныс белгілері жайлы өтілген кейбір тақырыптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізудің де тиімді жағы бар. Оқушы оны шағын әңгіме күйінде жазса, олардың ойлау қабілетін дамытып, жазу өнерін ұштауға көмегі болмақ. Үлгі ретінде мына жазба жұмысты берейік.

Тыныс белгілерінің айтысы.

Бір күні нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі, үтір, сызықша, қос нүкте кездесіп қалыпты. әрқашан өзін тыныс белгілерінің ішінде біріншімін деп санайтын нүкте:

Мен белгілі бір ойдың аяқталуына байланысты қойыламын, дұрыс қойылмайтын болсам, сөйлем түсініксіз болып шығады, не екінші бір мағына

туындайды. Мен дүниедегі бар сөйлемдерден кейін қойыламын, менен асқан кім бар? – деді.

Керемет, керемет, - деді сұрақ белгісі, - не, жауап күту мақсатымен айтылған сұрау мәнді сөйлемге де сен қойыласың ба?

Жоқ, мен сендерден де қажеттімін. Адамның әр түрлі көңіл-күйін: қуанышты, сүйінішті, өкінішті, ренішті, бұйрықты, зекіруді т.б. білдіретін, ерекше көтеріңкі дауыспен айтылған сөйлемдерге сендер келесіндер ме? Жоқ, ең кереметі менмін! - деді леп белгісі.

Тоқтат, тоқтай тұрындар! - деді кенеттен үтір. – Біз де босқа жүргеніміз жоқ. Сендер ойдың аяқталуына байланысты болсын, белгілі мақсатпен болсын, адамның әр түрлі көңіл-күйіне байланысты қойылсаңдар да мейлі. Енді бізге сөз кезегін беріңдер. Үтір, сызықша, қос нүкте сөз кезегін алды:

Біз де тыныс белгілерінің ішінде жиі қолданамыз. Сөйлемнің құрылысына, мағынасына, интонацияға байланысты қойыламыз.

Бос әңгіменің не керегі бар, - деді қос нүкте, - ерік беріп қойса мақтанады-ақ екенбіз. Әркім өз орнын біліп, қызметін атқара берсін, сонда ол мақтауға тұрады.

Оқушылардың кез-келген тыныс белгісі жайлы не білгендерін, не білуге тырысқандықтары жайлы осы шығарма сияқты әңгіме жазуға дағдыландырып көруге болады. Сонымен бірге жаттығулардың орнына халқымыздың тәрбиелік мәні зор сөздерін

пайдаланып, ойын түрлеріне де ұлттық нақыш енгізіп, халықтық педагогикамен байланыстыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

**Түрлі тапсырмалар орындауға
байланысты жаттығу мәтіндері
Үтір қойылатын сөйлем құрылымдары
1. Үтірмен ажыратылатын бірыңғай
мүшелі сөйлем құрылымдары**

Ешқашан да Абайдың алғыр ойы, ұшқыр қиялы, нәзік сезімі, жүрдек қаламы тоқырап қалмайды. Бәйшешек солмақ, сиремек. Аспан ап-ашық, биік, көкпенбек, жұлдызды. Мағыштың бойы сымбатты, сұңғақ, биік. Үлкен, кең, жылы үйде Нұқы қарт жалғыз қалды (Ә. Сарсенбаев).

Төлегеннің батырлық, ерлік істері халқымыздың есінен мәңгі кетпейді, көп жасайды. Біздің алдымызда зор, күрделі, қиын міндеттер тұр (М. Ғабдулин).

Абай елді, еңбекке, бірлікке, бүтіндікке бастады. Абайға, Абай өлеңдеріне сан сұрақтар қойылды. Адамгершілік туын жоғары ұстауға, әділет үшін айқасқа түсуге ол бекем бел буды. Абай өлеңдері талай өткелдерден, талай асулардан өтті (С. Мәуленов).

Мұрт та, сақал да, шаш та боз қырау тартқан. Даңғыр да, аяқ астындағы мұздың сытыры да бірден басылды. Рабиға біресе Дәуқараға, біресе Әміржанға

карады. Не аттың, не адамның жүрісі тәрізді бір болмашы дыбыс құлаққа шалынды (Б. Майлин).

Бұларға қарап әлдене дегендей, тіпті қол бұлғап шақырғандай да болды. Шыбығымен түйесін шыпшып ұрып қойып, өзімен-өзі сөйлесіп те алады. Қалың кара қасты, әнтек бітіктеу кара көзді жас жігіттің онысы дұрыс та шығар (Р. Райымқұлов).

2. Үтірмен бөлінетін оқшау сөзді сөйлем құрылымдары

Амал жоқ, мен қазір Қазанға бара алмаймын деп отырмын. Демек, бұл ұсақ-түйек емес. Бірақ, амал не, ол өтінішімнен жақсы нәтиже шықпады. Мұның өзі, сайып келгенде, уақытты босқа өткізу. Біздің ісіміз қаражат жағынан, әйтеуір, қамтамасыз етіліп жатыр (Ы. Алтынсарин).

Әлі есімде, біздің үйдің сыртында бір кішкене көл бар-ды. Мұны жүзеге асыру, меніңше, оңай емес. Ойбай, шырағым, үстіңді бүлдірдің. Ойбай, бауырым, сені де көретін күн бар екен ғой! (Б. Майлин)

А. Құлмамбет, Құлмамбет, ағып жатқан сумен кет! Қызығыңды көп көрдім, Қарабастау, Құлансаз. О, кең дала, кең дала! Елім жаңа, жер жаңағ жанған шырақ айнала (Ж. Жабаяев).

3. Үтірмен бөлінетін онашаланған мүшелі сөйлем құрылымдары

Малды, әсіресе биелерді, жаңа сауу режиміне үйрету кезінде осы сүт шығу заңдылықтарын естен шығарма. Сіздерге бүгінгі спортымыздың, оның

ішінде күрес пен бокстың, қыры мен сыры жақсы мәлім. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, әсіресе мал шаруашылығын, онан әрі жақсарту көзделіп отыр. Күкірт қышқылы – осы өндірістің, химия өндірісінің, азығы. Күкірт қышқылын өндіру үшін концентратты, яғни күкірті көп газдарды, пайдаланады. Әріректен, ну арасынан, қайық тұмсығы қыландады. Мұның қазіргі күнде, яғни адамның ғарышқа ұшуы дағдылы қалыпқа айналған шақта, пайдасы тиетінін айтып жатпаса да белгілі шығар. («Солт. Қаз.»)

4. Үтірмен ажыратылатын құрмалас сөйлем құрылымдары

а) Салалас құрмалас сөйлемдер

Оның түрі алаңсыз, даусы жайбарақат. Салық оны төрге шығарды да, өзі мал қарауылдауға кетті. Біреулер Тілу үшін қуанды, енді біреулер пойыздың қозғалғанына қуанды. Көзі жұмулы, бірақ бетінде әсем күлкінің табы бар (Ә. Сәрсенбаев). Тыныс керек кейде жанға, кейде жанға ән керек. Теңіз бетін мұз буып, біресе түтеп бораны, біресе түтеп тұманы, мұзды дала сірескен. Өзінің тұлғасы да қапсағайдай ірі келген, бірақ өзінде бір өткір, нәзік сипат бар (Т. Ахтанов). Кілемдей жерім түрленді, қызғалдағым гүлдеді. Бірде қорғаушылар жақсы ойнады, бірде қақпашылар көзге түсті. Теңіз тынышталды, бірақ еш нәрсе көрінбейді. Екі тайым бар: бірі ақ, бірі қара. Мен еңбегімді қоғамға арнаймын, өйткені қоғам мені

өсіреді. Сол белгі менде жоқ па, әлде көрмейсіндер ме? (Ғ. Мұстафин)

ә) Сабақтас құрмалас сөйлемдер

Бұлақты таудан арна ақса, теңіз болар аяғы. Күй жосылып, сөз үдеп, түзеледі шабысым (Ж. Жабаев). Уақыт аз болғандықтан, көп сөзді тастап кеттім. Жапырағы судырлап, тал сұлуша таранды. Көрінген пойыз келіп жеткенше, ішіндегі адамдар түскенше, Бәкеннің сабыры жетпейтін сияқтанды. Жолдан бқырыстау болғанмен, егер сен қарсы болмасаң, соға кетуді ойлап келемін. Бізге, тұман басылған соң, теңіз жағалары көріне бастады. Мұрат үйге кіргенде, жүзінде бір реніш бар еді, бірақ мұны ешкім байқамады (С. Мұқанов).

Сызықша қойылатын сөйлем құрылымдары

5. Бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойылатын сөйлем құрылымдары

Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Досыңа достық – қарыз із (Абай). Басыңа іс түссе, жақсы – көмек етеді, жаман – күліп кетеді. Жаман – түйенің үстінде келе жатып, жаяуға бұқ дейді. Айтқызған – жаманның ісі, қамшылатқан шабанның ісі. Жаман – жақынын сыйламас. Жақсы – ісімен жақсы (Мақал). Біржан – ХІХ ғасырдың орта кезінде

өмір сүрген ақын. Біржанның өмірі туралы тұңғыш деректі жазған – Сәбит Мұқанов.

6. Сызықша қойылатын оңашаланған мүшелі сөйлем құрылымдары

Мағаш, Кәкітай, Мұқа – үшеуі салт атпен Семейге қарай аттанды. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі де еріншектіктен шығады. Қорғасын, мырыш, мыс - әрқайсысы өз түсімен құлпырады. Орысша оқу керек. Хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын. (Абай).

Қазақ халқының ғажайып ұлы – М. Әуезов Абай жайында өзінің роман –эпопеясында ыстық ілтипатпен, тамаша баяндады. Қазақстанның астанасы – Астанада биік үйлер салынуда. Оңтүстіктің ақ алтыны – мақтаның өнімі жылдан-жылға өсуде. Кім сүймесін өз жүрегі – баласын.

7. Сызықша қойылатын құрмалас сөйлем құрылымдары

Елемес бір нәрсе айтайын деп еді,- Шымырбек үндемей кетіп қалды. Жалыққаным сонша – сыр бөлісер достарды, тай құлындай шұрқырасып шоқтық жұлысқан құрдастарды аңсадым. Қысылғаным сонша – маңдайымнан тер ыршып

шықты. Жер астынан шымырлап қайнап жатқан судың мөлдірлігі сондай – түбіне тастаған түймедей затыңызды бадырайтып көрсетеді. Нұрым мен Оспанның оңаша әңгімесі болса керек – екеуі бірге далаға шықты (К. Қалмақанов). Құлайды екен деп едім,- құламады. Қария еңкейіп төбетінің аяғын көрмек болып еді, - Қиялас қыңсылап, гүрілдеп, шыр көбелек айналып тоқтамай қойды (Ә. Сәрсенбаев).

8. Қос нүкте қойылатын сөйлем құрылымдары

Қаратауда алуан түрлі металдар: қорғасын, цинк, мыс, алтын, ванадий, кадмий – кездеседі. Бірақ ол бойындағы осы бір сұлулықты: нұрлы көзін, жұп-жұқа дөңгелек өңін, әдемі ұзын саусақтарын – көрсетуге тырыспай, керісінше, қайда жасырарын білмей састы (Ә. Сәпсенбаев). Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың (Абай). Тракторды бұрын кім көрген: құлындар үркіп, шелектегі сүтті ақтарып, әйелдерді басып кетті; ауылдағы малдың бәрі үркіп, далаға босты (Б. Майлин).

9. Нүктелі үтір қойлатын сөйлем құрылымдары

Бұл ереже төменгілерді қамтиды: жаяу адамдар тротуармен жүру керек; қол арба, шана, велосипедпен

көшенің сол қанатын ала жүреді. Жорғаң қатты болса, төске сал; ісің ақ болса, көпке сал. Уайым түбі – теңіз, батасың да кетесің; тәуекел түбі – қайық, өтесің де шығасың (Мақал).

10. Жақша қойылатын сөйлем құрылымдары

Тіркеушілермен қатар (әскери адамдарды айтып отырмыз) Досов отыр (С. Мұқанов). Ән басталды. (М. Әуезов, «Абай», I к., Алматы, 1991, 285-б.) Емшекте баласы бар ана баласын емізіп қайтуға қосымша жарты сағаттық (арасына үш жарым сағат уақыт салып) үзіліс алады. Ол екі адамға (подполковник пен тілмаш жігітке) кезек жалтақтады. Мұның бір қасиеті (жақсы ма, жаман ба оны білмеймін) – бірнеше күн қатарымен сөйлемей жүруге шыдайды (А. Сатбаев).

11. Тырнақша қойылатын сөйлем құрылымдары

Тимирязев жапырақтарды «өсімдіктер фабрикасы» деп атады. «Жаңағы «әйтпесең» менің де «әйтпесем» бар. Тыңда!» - деді. «Восход-1» автоматты түрде қондырылды. Сабақтан жалыққан кезімізде менің «данышпандығым» жайында әңгіме басталды. Бұл адамның есімі әйгілі «Әуілдек» әнімен байланысты еске алынады (А. Сатбаев).

Пунктуация тарауы бойынша тестік тапсырмалар да жүргізуге болады.

Тест тапсырмалары:

I. Пунктуацияны зерттеу байланысты

1. морфологиямен
2. фонетикамен
3. синтаксиспен
4. лексикамен
5. сөзжасаммен

II. Тыныс белгілері туралы ілім

1. орфография
2. пунктуация
3. орфоэпия
4. аббревиатура
5. туынды сөз

III. Сұрау белгісі

1. белгілі бір ойдың аяқталуына байланысты қойылады
2. жауап күту мақсатымен сұрау мәнге байланысты қойылады
3. адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіруге байланысты ерекше көтеріңкі дауыспен айтылған сөйлемдерге қойылады
4. сөйлемді қайталап айту үшін қолданылады
5. орын тәртібіне байланысты қойылады

IV. Пунктуацияның қызметі

1. сөздердің мағынасын, шығу төркінін, сөз байлығын қарастырады

2. тілдің дыбыстық жүйесін, жасалу жолдарын қарастырады
3. сөйлемнің шекарасын белгілеп, компоненттердің жігін ажыратады
4. сөз құрамын, сөз таптарын қарастырады
5. сөздік қор мен сөздік құрамды тексереді

V. Сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілері.

1. үтір, қос нүкте, сызықша
2. нүкте, сұрау, леп белгісі
3. тырнақша, жақша
4. леп белгісі, сызықша
5. үтір, нүкте

VI. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің араларына

1. үтір
2. нүкте
3. көп нүкте
4. жақша
5. сызықша

VII. Сызықша қойылуға тиісті сөйлемді табыңыз

1. Жастық шағыңның қадірін біл.
2. Ең жақсы тіл ана тілі.
3. Әлсіздің тілі ащы.
4. Аласа, ақ, сары жігіт көтерілді.
5. Бұл ойланатын іс екен

VIII. Қос нүкте қойылуға тиіс сөйлемді табыңыз.

1. Сіз кімді іздеп жүрсіз жолдас.
2. Әрине адам өмірінде көп қиындықтар ұшырасады.
3. Өмір де ай сияқты бірде толады, бірде солады.
4. Ел жүрген жер береке.
5. Өнер алды қызыл тіл.

IX. Аяқталмаған ойды білдіру үшін

1. сызықша
2. көп нүкте
3. қос нүкте қойылады.
4. жақша
5. үтір

X. Үтір қойылуға тиіс сөйлемді табыңыз

1. Жастық шағыңның қадірін біл.
2. Қыздар дабырласып отыр.
3. Биыл несіне айтасың егін шығымы мол.
4. Кітап білім бұлағы.
5. Көптің ісі көл.

XI. Құрмалас сөйлемге байланысты қойылуға тиісті сызықшаны табыңыз

1. Тұрайын деп еді тұра алмады.
2. Жақсы байқап сөйлер жаман шайқап сөйлер.
3. Балаң ақылды ірі есті десең дені сау мықты етіп өсір.
4. Ең жақсы тіл ана тілі.

5. Ер жүрген жер мереке.

XII. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықшаға байланысты сөйлемді табыңыз.

1. Дүниеде сөздің дертінен ауыр дерт жоқ.
2. Жан-жақты білім алудың басты құралы кітап оқу.
3. Білімді өлмес артында аты қалар.
4. Жасасын бірлік бейбітшілік.
5. Біздер студенттер белсенді араласамыз.

XIII. Оңашаланған айқындауыш қатысқан

сөйлем

1. Балаларымды ойыншық дүкеніне ертіп келдім.
2. Біз тату жүрсек, қастық ойламасақ, жақсы болған-ды.
3. Еділден асып айқара, зулатты мені отарба.
4. Ішім өлген, құр денем сау.
5. Дұрыс жауап жоқ.

XIV. Тыныс белгілері дұрыс қойылып жазылған сөйлем

1. Алматы – көп ұлтты қала.
2. Алматы, көп ұлтты қала.
3. Алматы көп ұлтты қала.
4. Алматы көп – ұлтты қала.
5. Алматы – көп – ұлтты қала.

XV. Қаратпа сөз қай тұлғада тұрады

1. Жіктеулі түрде
2. Табыс септігінде
3. Атау септігінде
4. Барыс септігінде
5. Ілік септігінде

ХҮІ. Толықтауышқа қатысты атау тұлғалы оңашаланған айқындауыш

1. Кеме, паровоз – металдан жасалады.
2. Қазақстан астанасы – Астанада биік үйлер салынуда.
3. Кім сүймесін өз жүрегі – баласын.
4. Қойдың, сиырдың өнімі өсті.
5. Ормандағы ағаштар: карағай, қайың, тал – ерте көгере бастады.

ХҮІІ. Үй құстарын: тауық, үйрек, қаздарды - өсіреміз.

1. Бірыңғай мүшелерге байланысты тыныс белгілері
2. Оңашаланған айқындауыш пен бірыңғай мүшелер

3. Оңашаланған айқындауыш
4. Оқшау сөздерге байланысты
5. Жалпылауыш сөздерге байланысты

ХҮІІІ. Көретін жер көп, - уақыт аз. Сзыықшаның қойылу себебі

1. Ықшамдалған сөйлем
2. Оңашаланған айқындауышқа байланысты
3. Жалпылауыш сөз қатысқандықтан

4. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықша

5. Жалғаулығы айтылмаған қарсылықты салалас

XIY. Қой өрісі – қорадан

1. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылған сызықша

2. Ықшамдалған сөйлемге байланысты қойылған сызықша

3. Төл сөз бен автор сөзіне байланысты қойылған сызықша

4. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі

5. Оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылған сызықша

XV. Бірыңғай мүшенің алдынан жалпылауыш сөз келсе, қоямыз

1. сызықша

2. үтір

3. қос нүкте

4. тырнақша

5. жақша

XVI. Бұл үй жаңадан салынған.

1. сызықша қойылады

2. сызықша қойылмайды

3. үтір қойылады

4. дұрыс жауап жоқ

5. тырнақшаға алынады

XVII. Сөйлемде бірыңғай мүшелерімен бірлікте қаралады

1. оңашаланған айқындауыш
2. есімдіктер
3. жалпылауыш сөз
4. төл сөз
5. автор сөзі

XVIII. Санамалап айтылған бірыңғай сөйлемдердің арасына қойылады

1. үтір
2. сызықша
3. нүктелі үтір
4. қос нүкте
5. жақша

XIX. Цитат алынады

1. жақшаға
2. қос нүкте
3. тырнақша
4. сызықша
5. нүктелі үтірге

XX. Тыныс белгісі дұрыс қойылмаған сөйлем

1. О, кең дала, кең дала!
2. Күзде, қыс қайтқан кезде, қоя беремін.
3. Ертай алда, біз соңындамыз.
4. Жолдастар бәрі дұрыс!
5. Дұрыс айтасыз, Байжан..

Мына сөзжұмбақты шешіп келіңдер.

			с			
			ө			
			й			
			л			
			е			
			м			

1. Ол әдемі, көрікті, ...
2. Бес дұшпаның білсеңіз
... , өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер, мал
шашпақ ... (Абай)
- 3.Талап, еңбек, терең ...
Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс,
көнсеңіз.
- 4.да, де деген не?
5. жалғаулық
6. Бес арысымыздың бірі, жерлес ақынымыз.

Жауабы:

1. сұлу.
2. өсек.
3. ой.
4. жалғаулық
5. және
6. Мағжан

Қорытынды

Тыныс белгілерін дұрыс қоя білу – сауаттылықты арттырады, әрі синтаксисті жете меңгеруге көмектеседі. Тіліміздегі сөздер синтаксистік қызмет атқару үшін, сан алуан байланысқа түседі. Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдарын, сөйлемнің синтаксистік ерекшелігін және сөйлемдегі кейбір сөздердің мағынасын, сөйлемнің интонациясын жете меңгеру үшін, біріншіден, қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты қандай тыныс белгілерінің қойылатындығы және соған байланысты ережелерді, екіншіден, қандай тыныс белгілерінің мағынаға байланысты қойылатындығын, үшіншіден, қандай тыныс белгілерінің интонацияға ғана негізделетінін білу қажет.

Теория мен практиканы меңгеру түрлері әр түрлі әдістер арқылы жүргізіледі. Мұғалім оқушылардың мінез-құлқын, жас ерекшелігін, білім деңгейін бақылап, соған сай сапалы білім, саналы тәрбие бере білу керек. Пунктуацияны оқыту оқушылардың интонацияға көңіл бөліп, текстті тыныс белгілеріне сай мәнерлеп оқу, ір түрлі жаттығу жұмыстарын орындатумен байланысты болады. Оқушыларды пунктуацияның интонациялық принципіне дағдыландыра білу әдеби тілдің нормасына сай дұрыс та мәнерлі сөйлеуге баулумен қабысып жатады. Сондықтан осыған байланысты жүргізілетін жұмыстар түрлі мақсатты көздейді:

біріншісі – ойды дұрыс түсініп, тыныс белгілерін саналы қою; екіншісі – оқушыларды сөйлем мен сөз тіркестерін сазына келтіріп, тіл мәдениетінің нормасына сай мәнерлі айтқызуға үйрету.

Қазақ тілі пунктуациясы мағыналық, синтаксистік және интонациялық принципке құрылғанын көрдік. Пунктуацияның теориялық жағын қарастыра келіп, оның қазіргі жағдайына үңіліп, бағдарламалар мен оқулықтарға, әдістемелік құралдарға талдау жасап, пунктуацияны оқытуда бағдарламал мен оқулықтар талапқа сай емес, ал әдістемелік нұсқауларда пунктуацияны оқытудың ідістері аз берілгеніне көзіміз жетті. Дидактикалық материалдар ескі, оқушыларды қызықтырмайды, сондықтан мұғалімдер оны мазмұнды, қызықты, түсінікті етіп өзгертіп, көркем шығармалардан, газет-журналдардан үзінділер алуға болады. Жаттығу жүйесіне де өзгерістер енгізу керек. Халқымыздың тәрбиелік мәні зор сөздерін пайдаланып, ойын түрлеріне де ұлттық нақыш енгізіп, халықтық педагогикамен байланыстыру қажет. Оқушылардың тыныс белгілері жайлы етілген кейбір тақырыптары бойынша жазба жұмыстарын жүргізудің тиімді жағын көрсетіліп, пунктуация тарауы бойынша тестік тапсырма жұмысының үлгісі берілді. Пунктуацияны оқытуды мынадай жұмыстар жүргізу керек:

1. Жаттығу түрін, көлемін өзгерту;

2. Мәтіндерді, тапсырмаларды құру барысында тыныс белгілерінің мағыналық, стильдік қызметін көрсету;
3. Оқулықтар мен басқа да көмекші құралдарда текст үлгісін көрсету;
4. Пунктуациялық дағдыны қалыптастыру үшін қазақ әдебиет классиктерінің шығармаларынан үзінді алу қолайлы. Ол қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің арасындағы байланысты күшейтеді.

Пунктуацияны оқытуда мазмұндама мен шығарма жұмыстарын әрі тыныс белгілерін дұрыс қоюға, әрі оқушыларды әдеби сөйлеуге дағдыландырады.

Интонация мен тыныс белгілеріне сай оқушыларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру, тыныс белгілерінің қызметін білу, жаттығуларды орындау, пунктуацияға байланысты әр түрлі жұмыстар жүргізу оқушылардың пунктуациядан сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді.

Қолданылаған әдебиет

1. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002. -783 бет.
2. Аманжолов С., Әбілқаев А. Қазақ тілі. – Алматы, Рауан, 1993. -203 бет.
3. Адамбаев Ж. «Қазақ тілі» оқулығына методикалық нұсқау. - Алматы, Мектеп, 1988.
4. Аманжолов С, Әбілқаев А. Қазақ тілі. - Алматы, Мектеп, 1981.
5. Аманжолов С, Әбілқаев А. Қазақ тілі. - Алматы, Рауан, 1993.
6. Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. - Алматы, Мектеп, 1969.
7. Арғынов Х. Қазақ тілінің методикасы. Синтаксис, пунктуация. Алматы,- Мектеп, 1974.
8. Арыстанбекова К. Кәтенбаева Б. Қазақ тілі бойынша үлестірме жатығулар. -Алматы, Рауан, 1993.
9. Аханов К, Айғыбылов А. Қазақ тілін оқыту. -Алматы, Мектеп,1983
10. Әбуов К., Біралиева А. Қазақ тілінен 4-сыныпқа арналған дидактикалық материалдар. - Алматы, Мектеп, 1973.

11. Әуелбаева Ш. Қазақ тілі синтаксисі мен пунктуациясын оқытуға арналған құрылымдық схемалар. -Алматы, Мектеп, 1971.
12. Әуелбаева Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. -Алматы, Мектеп, 1977.
13. Балақаев М. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. -Алматы, 1991.
14. Кәтенбаева Б.Ш. Қазақ тілін оқыту /методикалық нұсқау/. -Алматы, Мектеп, 1985.
15. Кәтенбаева Б. Қазақ тілі/методикалық нұсқау/. -Алматы, Рауан, 1990.
16. Көбеев С. Орындалған арман. -Алматы, Жазушы, 1988.
17. Көкпар. Этнографиялық әңгімелер. - Алматы, Балауса 1992.
18. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасы. -Алматы, Рауан, 1990.
19. Қазақ тілі сабағын жаңа әдіс-тәсілдермен өткізу. -Алматы, 1991
20. Қараев Ә. Қазақ тілі. -Алматы, Ана тілі, 1993.
21. Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, Мектеп, 1988.
22. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. -Алматы, Ана тілі, 1991.

23. Нұрмаханова Ә.Н. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, Мектеп, 1982.
24. Омаров Б. Тыныс белгілеріне арналған терме диктанттар. -Алматы, Мектеп, 1984.
25. Оралбаева Н, Абылақов Ә. Қазақ тілі. - Алматы, Ана тілі 1992.
26. Оралбаева Н, Әбдіғалиева Т. Практикалық қазақ тілі. -Алматы, Ана тілі, 1993.
27. Серғалиев М. Айғалиев А. Қазіргі қазақ әдеби тілі. -Алматы, Ана тілі, 1991.
28. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. -Алматы, Мектеп, 1994.
29. Хасенов Ә. Бектұров Ш. Қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқау. Алматы, Мектеп, 1993.
30. Ысқақов А. Хасенов Ә. Тыныс белгілері. Алматы, 19

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
Пунктуацияның теориялық негіздері.....	6
Ажыратушы белгілері.....	тыныс 14
Бөлуші тыныс белгілері.....	32
Бағдарламаны, мектеп оқулықтарын, әдістемелік нұсқауларды талдау.....	52
Пунктуацияны оқытуға байланысты жаттығу жүйесі.....	63
Жаттығу мәтіндері.....	75
Тест тапсырмалары.....	80
«Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері» сабақ үлгісі.....	85
Қорытынды.....	90
Қолданылған әдебиет.....	92

